

«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті»  
Коммерциялық емес Акционерлік Қоғамы

ӘӨЖ: 614.2-053.6 (574.1):378.245.2

Қолжазба құқығында

## **ДОСКАБУЛОВА ДАРИЯ ТОЛЕУКЫЗЫ**

**Батыс Қазақстан қалаларының балалары мен жасөспірімдерінің  
денсаулығы және оны сақтау мен нығайту бойынша іс-шаралар әзірлеу**

6D110200 – Қоғамдық денсаулық сақтау

Философия докторы (PhD)  
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші  
м.ғ.д., профессор  
Мамырбаев А.А.

Шетелдік ғылыми кеңесші  
м.ғ.д., профессор  
Тадевосян А.Э.  
(Армения, Ереван)

Қазақстан Республикасы  
Ақтөбе, 2023

## МАЗМҰНЫ

	<b>НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР .....</b>	<b>4</b>
	<b>АНЫҚТАМАЛАР .....</b>	<b>5</b>
	<b>БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР .....</b>	<b>6</b>
	<b>КІРІСПЕ .....</b>	<b>7</b>
<b>1</b>	<b>БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ӨМІР САЛТЫНЫҢ ЖЕТЕКШІ ФАКТОРЛАРЫНЫҢ ӘСЕРІ (ӘДЕБИЕТТЕРГЕ ШОЛУ) .....</b>	<b>12</b>
1.1	Балалар мен жасөспірімдер денсаулығы және өмір салты .....	12
1.2	Балалар мен жасөспірімдер денсаулығы және тамақтану тәртібі.....	19
1.3	Балалар мен жасөспірімдер денсаулығы және мінез-құлық.....	21
1.4	Балалар мен жасөспірімдер денсаулығы және қолайсыз экологиялық факторлар .....	24
<b>2</b>	<b>ЗЕРТТЕУ МАТЕРИАЛДАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ .....</b>	<b>27</b>
2.1	Зерттеу мазмұны мен бағдарламасы .....	27
2.2	Зерттеу материалдары мен әдістері .....	29
2.3	Зерттеу нәтижелерін статистикалық өңдеу .....	34
<b>3</b>	<b>ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОНЫ ТАЛҚЫЛАУ .....</b>	<b>37</b>
<b>3.1</b>	<b>БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ МЕН ӘЛ-АУҚАТЫНА МЕДИЦИНАЛЫҚ ЕМЕС ДЕТЕРМИНАНТТАРДЫҢ ӘСЕРІН АНЫҚТАУ.....</b>	<b>37</b>
3.1.1	Тамақтану тәртібі .....	38
3.1.2	Дене салмағы, бойы және өзін-өзі бағалау .....	43
3.1.3	Зиянды әдеттер .....	48
3.2	Балалар мен жасөспірімдердің денсаулық жағдайына баға беруде аурушаңдығына зерделеу жүргізу .....	50
3.2.1	Балалар мен жасөспірімдердің аурушаңдығын қалалар бойынша салыстырмалы талдау .....	50
3.2.2	Балалар мен жасөспірімдердің аурушаңдығын жасы бойынша салыстырмалы талдау .....	59
3.2.3	Балалар мен жасөспірімдердің аурушаңдығын жынысы бойынша салыстырмалы талдау .....	67
3.2.4	Балалар мен жасөспірімдердің аурушаңдық құрылымының пайыздық ара қатынасына баға беру .....	78
3.2.5	Балалар мен жасөспірімдердің аурушаңдық тренді және орташа жылдық өсу қарқынын бағалау.....	81
3.3	Балалар мен жасөспірімдердің денсаулығына экологиялық факторлардың әсеріне баға беру.....	85
3.3.1	Атмосфералық ауаның ластану индексінің кешенді көрсеткіштері бойынша сипаттамасы.....	85
3.3.2	Атмосфералық ауа сапасы мен балалар мен жасөспірімдер аурушаңдығы әсеріне баға беру .....	88

3.4	Балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын нығайту бойынша іс-шаралар әзірлеу және мектеп құрудың тиімділігін бағалау.....	94
3.4.1	Жалпы білім беретін мектеп үлгісінде оқушылар арасында денсаулық туралы сауаттылықты арттыру үрдісін дайындау .....	94
3.4.2	Оқушылар арасында денсаулықты нығайтуға және тамақтану саласындағы сауаттылықты арттыруға ықпал ететін Мектеп құру бойынша іс-шаралардың тиімділігін бағалау .....	101
	<b>ҚОРЫТЫНДЫ .....</b>	<b>131</b>
	<b>ТӘЖІРИБЕЛІК ҰСЫНЫСТАР.....</b>	<b>132</b>
	<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ .....</b>	<b>133</b>
	<b>ҚОСЫМШАЛАР.....</b>	<b>143</b>

## НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертацияда келесі нормативтік-құқықтық актілер мен стандарттарға сілтемелер қолданылды:

Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы Қазақстан Республикасының 07.07.2020 ж. № 360-VI ҚРЗ Кодексі;

Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымының – «Денсаулық-2020: білім беру және денсаулық ерте даму есебінен» Денсаулық-2020 – ХХІ ғасырға арналған еуропалық Саясат пен Стратегиясы;

«Дені сау ұлт» әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау" ұлттық жобасын бекіту туралы 12.10.2021 ж. № 725 Қаулысы;

Қазақстан Республикасының Денсаулық Сақтау Министрлігінің (ҚР ДСМ) «Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы» 24.08.2020 ж. №90 бұйрығы;

Қазақстан Республикасында педиатриялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы ҚР ДСМ 15.03.2022 ж. №25 бұйрығы;

ҚР ДСМ «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» 30.10.2020 ж. №175 бұйрығы;

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігімен (ҚР БЖҒМ және жергілікті атқарушы органдармен келісу бойынша «Қоғамдық денсаулықты басқару бойынша 2018-2021 жылдарға арналған шаралар жоспарын бекіту туралы» ҚР ДСМ-ның 18.05.2018 ж. №271 бұйрығы «Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін Мектептер» Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау ұйымының (ДДСҰ) жобасын енгізу туралы;

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігі 28.02.2020 ж. Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға диссертацияны рәсімдеу туралы әдістемелік нұсқаулар.

МЕСТ 7.1-2003 Ақпараттық, кітапхана және баспа ісі жөніндегі стандарттар жүйесі. Құжаттың библиографиялық сипаттамасы.

МЕСТ 7.32-2001 (Халықаралық стандарт) Ақпараттық, кітапхана және баспа ісі бойынша стандарттар жүйесі. Ғылыми зерттеу жұмысы жөніндегі есеп. Құрылымы мен рәсімдеу ережелері.

МЕСТ 7.9-95 (ИСО 215-76) - Ақпараттық, кітапхана және баспа ісі бойынша стандарттар жүйесі. Реферат және аннотация. Жалпы талаптар.

МЕСТ 7.12-93 - Ақпараттық, кітапхана және баспа ісі бойынша стандарттар жүйесі. Библиографиялық жазба. Орыс тіліндегі сөздерді қысқарту. Жалпы талаптар мен ережелер.

МЕСТ 7.12-88 - Ақпараттық, кітапхана және баспа ісі бойынша стандарттар жүйесі. Ғылыми-техникалық құжаттары мен материалдардың қасиеттері жөніндегі сандық деректерді таныстыру. Жалпы талаптар.

МЕСТ 7.82-2001 Ақпараттық, кітапхана және баспа ісі бойынша стандарттар жүйесі. Библиографиялық жазба. Электрондық ресурстардың библиографиялық сипаттамасы. Құрастырудың ережесі мен жалпы талаптары.

## АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертацияда келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылды:

**Атмосфералық ауаның ластану индексі** – қауіптілік классын ескере отырып, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенол және формальдегид бойынша шекті рұқсат етілген концентрациядан ең жоғары нормаланған мәндерімен есептелетін шоғырланған реттік топтасу

**Денсаулық** – ағзада аурудың немесе физикалық кемістіктердің болмауы ғана емес, толық физикалық, рухани (психикалық) және әлеуметтік әл-ауқаттың толық жай-күйі

**Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін мектеп** – оқушылардың денсаулығын сақтау бойынша іс-әрекеті салауатты өмір салтын жүргізуге уәждеме қалыптастырады, білім беру міндеттерін толықтырады, олардың оқу үлгерімін арттыруға ықпал ететін жеке және әлеуметтік дағдыларды меңгереді және бекітеді

**Денсаулық сақтау** – ауруларды алдын алу және емдеуге, қоғамдық гигиена мен санитарияны сақтауға, әр адамның физикалық және психикалық денсаулығын сақтауға және нығайтуға, белсенді өмір сүруіне, жоғалтқан жағдайда медициналық көмек көрсетуге бағытталған саяси, экономикалық, құқықтық, әлеуметтік, мәдени, медициналық сипаттағы іс-шаралар жүйесі

**Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы** – жер бетіндегі барлық халықтардың денсаулығын жақсартуға арналған халықаралық медициналық мекеме

**Қоғамдық денсаулық** – денсаулық сақтау, ауруларды алдын алуға және оларды емдеуге, қоғамдық гигиена мен санитарияны қолдауға, әрбір адамның тәни және психикалық саулығын сақтап, нығайтуға, оның ұзақ жыл белсенді өмір сүруін қолдауға, денсаулығынан айырылған жағдайда оған медициналық көмек ұсынуға бағытталған саяси, экономикалық, құқықтық, әлеуметтік, мәдени, медициналық сипаттағы шаралар жүйесі

**Медициналық емес детерминанттар** – әлеуметтік контекст, денсаулық сақтау көрсеткіштері, денсаулыққа ықпал ететін мінез-құлық, денсаулыққа қауіп төндіретін зиянды әдеттер жатады

**ЮНИСЕФ** – Біріккен Ұлттар Ұйымының қамқорлығымен балаларға көмек қорының халықаралық ұйым

**ЮНЕСКО** – Біріккен Ұлттар Ұйымының Білім, Ғылым және Мәдениет жөніндегі Ұйым

**HEALTH BEHAVIOUR IN SCHOOL-AGED CHILDREN** – балалар мен жасөспірімдердің денсаулығы, әл-ауқаты, мінез-құлқы және олардың әлеуметтік жағдайын зерттеуге бағытталған ұлтаралық зерттеу

## БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

АҚШ	- Америка Құрама Штаттары
ДДСҰ	- Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымы
ДНЫМ	- Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін Мектеп
ЕДМ	- Еуропадағы Денсаулық Мектебі
ДСМ	- Денсаулық Сақтау Министрлігі
ҚДСҰО	- Қоғамдық денсаулық сақтау Ұлттық орталығы
ҚР	- Қазақстан Республикасы
МЕСТ	- Мемлекеттік стандарт
СМҰ	- Стандартизациялық мемлекеттік ұйым
СШ	- Сенімділік шегі
ТМД	- Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
ХАЖ	- Халықаралық аурулар жіктемесі
ЮНЕСКО	- (UNESCO - United Nations Educational, Scientific and Cultural Organization) Біріккен Ұлттар Ұйымының Білім, Ғылым және Мәдениет жөніндегі Ұйым
ЮНИСЕФ	- (UNICEF - United Nations International Children's Emergency Fund) Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар Қоры
API	- (Atmospheric pollution index) Атмосфераның ластану индексі
FRESH	- (Focusing resources on effective school health) Ресурстарды мектептерде денсаулықты тиімді қорғауды қамтамасыз етуге бағыттау
HBSC	- (Health Behaviour in School-aged Children) Мектеп жасындағы балалардың денсаулыққа қатысты мінез-құлықтарын зерттеу жөнінде сауалнама

## КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев – 2022 жылды «Балалар жылы» деп жариялады: – «Мен Мемлекет басшысы ретінде өскелең ұрпақтың болашағына баса мән беремін. Жастарға зор үміт артамын. Жастарымыз атқарылып жатқан ауқымды жұмыстың, реформалардың игілігін міндетті түрде көреді. Олардың арасында көзі ашық, көкірегі ояу, ойы ұшқыр азаматтар аз емес. Біз өскелең ұрпаққа жол ашу үшін барлық жағдайды жасауымыз керек. Балалар - мемлекетіміздің жарқын болашағының кепілі. Сондықтан, 2022 жылды – «Балалар жылы» деп жариялаймын. Бірінші кезекте билік тарапынан балаларды қорғау үшін денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қолдау бағытында нақты шаралар қолға алынуы керек. Өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық шағы – біздің жалпыұлттық міндетіміз», – деді Мемлекет басшысы. Бұл жылды балалар мен жасөспірімдерді қорғау мақсатында ең алдымен билік тарапынан денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қамтамасыз ету саласында нақты іс-шаралар жасалуы керектігін айтты. Қазақстан Республикасында балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын сақтау мен нығайту әрқашан басты назарда тұратын маңызды істің бірі [1].

Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымының (ДДСҰ) – «Денсаулық - 2020» стратегиясында өскелең ұрпақтың денсаулығын сақтау өзекті, маңызды, әлеуметтік-экономикалық және саяси мәселе болып табылады. Денсаулық сақтау саласында әлеуметтік және экологиялық детерминанттардың балалар мен жасөспірімдердің денсаулықтарына тигізетін әсеріне қатысты мәселелерді шешу басты орын алады. Болашақ еңбек ресурстары мен мемлекеттің демографиялық негізін айқындай отырып, балалар мен жасөспірімдердің денсаулығы ерекше мәнге ие. Балалар мен жасөспірімдердің денсаулығы, дамуы мәселесі қазіргі қоғамның маңызды мемлекеттік міндеті болып қала береді. Балалар мен жасөспірімдердің денсаулығының қалыптасуына өмір салты, экология, әлеуметтік-экономикалық, тұрмыстық факторлар денсаулық сақтау жүйесі қызметтеріне жүктеме ауыртпалығын арттырады.

Соған орай, Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымының (ДДСҰ) балалар мен жасөспірімдер денсаулығына әсер етуші әртүрлі медициналық емес детерминанттарды анықтай отырып, олардың денсаулығын жақсарту шараларын құру үшін дәлелдер базасын әзірлеуді және синтездеуді қолдады. Жас ұрпақтың денсаулықтарын нығайту және жақсарту мақсатында тиімді саясатты бағдарламалар мен тәжірибені ұсыну үшін Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымының (ДДСҰ) қазірде 51 ел қолданатын Health Behaviour in School-aged Children (HBSC) әдіснамасы бойынша 11,13,15 жастағы мектеп жасындағы ер балалар мен қыз балалардың денсаулығына қатысты қалыптасқан мінез-құлық, психикалық денсаулық, аурушандық шағымдары, зиянды әдеттер, физикалық белсенділік, тамақтану тәртібі, әлеуметтік ортасы, денсаулығы мен әл-ауқаты жағдайын зерттеуді ұсынды [2,3].

Қазақстанда салауатты өмір салтын қалыптастыру саясатының басым бағыты болып табылатын балалар мен жасөспірімдердің өмір салтының қауіп факторларының таралуы ұлттық кең ауқымды зерттеулердің құрамдас бөлігі болып табылады. Салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселелері Ұлттық орталығы мен Қоғамдық денсаулық сақтау Ұлттық орталығымен (ҚДСҰО) жүргізілген зерттеулер Қазақстанымызда балалар мен жасөспірімдер арасында артық дене салмағының жоғары дәрежеде екенін анықтады [4,5]. Көптеген елдерде жүргізілген ұлттық зерттеулер бойынша тағамдануы бойынша майлар мен трансмайларды жоғары деңгейде тұтынатындығын анықтады, бұл семіздік көрсеткіштерінің жоғарылауына, адамдардың өмір сүру ұзақтығы мен өмір сүру сапасының төмендеуіне әкеледі делінген. Балалар мен жасөспірімдерде жиілігі жағынан өсу қарқынымен көрінетін аурушандықтар бойынша басты орында: тыныс алу жүйесі аурулары (бронхит, бронх демікпесі, созылмалы тонзиллит, синусит), ас қорыту жүйесі (гастродуоденит, ойық жара ауруы), тірек-қимыл жүйесі (жалпақ табан, сколиоз, остеохондропатия) және ағзада зат алмасу үрдісінің бұзылыстарының (семіздік) аурулары жатады [6].

Жетекші факторларды анықтау мақсатында, эпидемиологиялық зерттеулер жүргізіп, 11,13,15 жастағы балалар мен жасөспірімдердің өмір салты мен денсаулық көрсеткіштерін анықтап қана қоймай, 11,13,15 жастағы балалар мен жасөспірімдердің аурушандығы мен қолайсыз экологиялық факторлардың, яғни, атмосфералық ауаның ластану көрсеткішінің әсері, сонымен қатар, балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын сақтау мен нығайтуға бағытталған іс-шаралар бойынша Батыс Қазақстан аймағында кешенді зерттеулер жүргізілгендігі туралы ешқандай ақпарат жоқ.

Осыған орай, Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымының (ДДСҰ) әдіснамасына сәйкес, Батыс Қазақстанның Ақтау, Ақтөбе, Атырау және Орал қалаларының 11,13,15 жастағы балалары мен жасөспірімдерінің денсаулығы мен әл-ауқатына әсер ететін кейбір медициналық емес детерминанттарды анықтап, денсаулық жағдайына баға беріліп, денсаулықтарын сақтау мен нығайтуға бағытталған алдын-алу іс-шараларын ұсыну және енгізу туралы докторлық диссертациялық жұмыс жүргізілді.

**Зерттеу мақсаты** – Батыс Қазақстан қалаларының балалары мен жасөспірімдерінің денсаулығы қалыптасуын кешенді зерттеу негізінде денсаулықтарын сақтау мен нығайтуға бағытталған іс-шаралар әзірлеу.

#### **Зерттеу міндеттері**

1. Балалар мен жасөспірімдердің денсаулығы мен әл-ауқатына медициналық емес детерминанттардың әсерін анықтау;

2. Балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын бағалауда медициналық құжаттамасына негізделген аурушандығына зерделеу жүргізу;

3. Балалар мен жасөспірімдердің аурушандығы мен атмосфералық ауаның ластану индексі арасындағы байланыс дәрежесіне баға беру;

4. Балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын сақтау мен нығайту бойынша іс-шаралар әзірлеу және тиімділігін бағалау.



### **Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы.** Алғаш рет:

Медициналық емес детерминанттар мен экологиялық факторлардың аурушандыққа әсерін ескере отырып, Батыс Қазақстанның Ақтау, Ақтөбе, Атырау және Орал қалаларында тұратын 11,13,15 жастағы балалар мен жасөспірімдердің денсаулық жағдайына салыстырмалы кешенді талдау жүргізілді.

Атмосфералық ауа сапасының нашарлау үрдісімен байланысты қоршаған ортаның техногендік ластануы алғаш рет 11,13,15 жастағы балалар мен жасөспірімдердің денсаулық жағдайының көрсеткіштерімен тығыз байланысы анықталды.

Батыс Қазақстанда алғаш рет 11,13,15 жастағы балалар мен жасөспірімдердің мінез-құлық ерекшеліктерін, тамақтану тәртібін, сондай-ақ мұғалімдер, ата-аналар және оқушылар тарапынан дұрыс тамақтану саласындағы мотивациялық сипатын енгізу негізінде оқушылар арасында денсаулық туралы сауаттылықтарын арттыру бойынша Мектеп құруға негізделген тәсілдің тиімділігі сынақтан өткізілді (апробацияланды) және дәлелденді.

### **Тәжірибелік маңыздылығы**

Балалар мен жасөспірімдерге медициналық емес детерминанттардың әсерін бағалау мектептердегі оқу-тәрбие процесін сауықтыру және балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын сақтау мен нығайту жөніндегі кешенді іс-шараларды дайындауға мүмкіндік берді. Зерттелген аймақтардың атмосфералық ауасының ластану жағдайын бағалау балалар мен жасөспірімдердің денсаулығына әсерін анықтап, санитарлық-гигиеналық іс-шараларды әзірлеуді ұсынуға мүмкіндік берді.

Оқу-тәрбие процесін сауықтыруда оқушылардың денсаулығын нығайтуға және тағамтану саласы бойынша сауаттылығын арттыруға ықпал ететін Мектеп Батыс Қазақстан қалалары мектептерінде енгізілді. Алынған нәтижелер оқушылардың денсаулығы мен өмір сүру сапасына мониторинг жүйесін әзірлеу мен жетілдірудің қосымша элементі бола алады, балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын сақтау мен нығайту саласындағы мемлекеттік саясатты одан әрі дамытуға ықпал етеді және оларды денсаулық сақтауды дамытудың аймақтық бағдарламаларын іске асыруда пайдалануға болады.

Мұғалімдер, ата-аналар және мектеп оқушыларының өздері осы бағыттағы күш-жігерді біріктіру арқылы мектеп базаларында балалар мен жасөспірімдердің психологиялық-әлеуметтік денсаулығын арттыруға бағытталған бағдарламаларды әзірлеу орынды болып табылады.

Атмосфералық ауа сапасының сипаттамасы және аймақтық аспектідегі аурушандық көрсеткіштері санитарлық-гигиеналық және экологиялық мониторинг жүргізудің тиімділігін арттырудың алғышарттарын береді. Мектеп оқушыларының физикалық, психикалық, әлеуметтік денсаулығын сақтау мен нығайтуға, балалар мен жасөспірімдердің денсаулығы туралы сауаттылығын арттыруға бағытталған ведомствоаралық іс-қимыл қажеттілігі туындайды.

## **Қорғауға ұсынылатын қағидалар**

1. Батыс Қазақстан қалаларында тұратын 11,13,15 жастағы балалар мен жасөспірімдердің кейбір медициналық емес детерминанттар, атап айтқанда, тамақтану тәртібі мен сипаты, зиянды әдеттер денсаулықтары мен әл-ауқатына әсері бар. Тамақтануындағы жүйелі бұзушылықтар - таңғы асты тұтынбауы, көкөністер мен жемістерді жеткіліксіз тұтынуы, зиянды тағамдарға бейімділік түрінде және жанама түрде салмақ-бой көрсеткіштерінің ДДСҰ нормативтеріне сәйкес келмеуі түрінде көрінеді.

2. 11,13,15 жастағы балалар мен жасөспірімдердің зерделенген аурушаңдықтары бойынша бірінші орында - тыныс алу жүйесі аурулары, екінші - ас қорыту жүйесі аурулары кұрады. Соған орай, балалар мен жасөспірімдердің денсаулық жағдайын нығайту шараларын жасау үшін дәлелді базаны әзірлеу негіз болды.

3. Зерттелген қалалардың көпшілігінде 2012-2021 жылдар бойы 10 жыл ішінде атмосфералық ауаның ластануының өсуі тұрақты тенденция сипатына ие. Атмосфералық ауаның ластану индексі (Atmospheric pollution index - API) 11,13,15 жастағы балалар мен жасөспірімдердегі тыныс алу жүйесі ауруларымен айтарлықтай байланысты, сондай-ақ, ас қорыту жүйесі аурулары бойынша да оң корреляция бар.

4. Балалар мен жасөспірімдердің денсаулықтарын нығайтуға ықпал ететін Мектеп кұру жөніндегі іс-шаралар, атап айтқанда: кұрылған Мектеп комитеті шеңберіндегі мұғалімдер, ата-аналар мен оқушылар арасындағы тығыз өзара іс-қимыл, оқыту тренингтері, тамақтану мәселелері бойынша базалық және бақылау сауалнамаларын дайындау, оқушыларға дұрыс тамақтану бойынша жоғары тиімді қағидалары енгізіліп, қалыптастырылды.

### **Диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері баяндалды**

- PhD докторанттардың диссертациялық жұмыстары тақырыптарын және диссертациялардың апробациясын бекітетін (қайталап) ғылыми мәселелік мәжілісінің отырысы (Хаттама №2 (798) 27.10.2022 ж.);

- «Үздіксіз медициналық білімнің Интернационалізациясы. Болашаққа көзқарас» атты «April's Science Week» Марат Оспанов атындағы БҚМУ III Халықаралық ғылыми-оқу білімдік конференциясында баяндалды, журнал «Panminerva Medica», индекстелген BIOSIS Previews, Current Contents, Clinical Medicine, EMBASE, PubMed, MEDLINE, Science Citation Index Expanded (SciSearch), Scopus (Impact Factor 2,102). - Ақтөбе. - 2019;

- «Актуальные вопросы медицины» и «Второй спутниковый форум пообщественному здоровью и политике здравоохранения» атты VIII Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясында баяндалды. - Әзірбайжан, Баку. - 2019;

- «Қазіргі заманғы медицина: жаңа көзқарас және өзекті зерттеулер» Марат Оспанов атындағы БҚМУ Халықаралық ғылыми - практикалық конференциясында баяндалды. - Ақтөбе. - Medicina (Kaunas);57 (Supplement 2):29. - 2021.

### **Диссертация тақырыбы бойынша басылымдар**

Диссертация тақырыбы бойынша барлығы 17 ғылыми еңбек жарық көрді: Scopus мәліметтер базасына кіретін халықаралық журналындағы мақалалар: Open Access Macedonian Journal of Medical Sciences” for the nearest issue (E-ISSN: 1857-9655). - 2020. - Site Score - 0.7. - Percentile - 49 – 1; Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігі Білім және Ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынылған журналдардағы мақалалар – 3; Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялардағы тезистер – 3; Ғылыми мақалалар мен тезистер – 4; Әдістемелік нұсқаулар – 1; Ғылыми-зерттеу жұмысын ендіру актілері – 4; Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы куәлік – 1.

### **Зерттеу нәтижелерін енгізу**

Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін Мектеп қызметінің тиімділігін бағалау бойынша әзірленген іс-шаралар Ақтөбе қаласындағы №72 жалпы білім беретін мектеп мысалында оқушылар арасында денсаулық туралы сауаттылықты жақсартуға ықпал етті. "Балалар мен жасөспірімдер денсаулығын нығайтуға және тағамтану саласы бойынша сауаттылығын арттыруға ықпал ететін Мектеп" бойынша әдістемелік нұсқаулар әзірленді. Ақтау, Ақтөбе, Атырау және Орал қалаларының мектептерінен ендіру актілері алынды. Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы куәлік алынды.

### **Автордың жеке қосқан үлесі**

Докторант диссертациялық жұмыс тақырыбы бойынша отандық және шетелдік әдебиет көздерін өз бетінше талдады. Зерттеу жұмысы барысында, зерттеу объектілері Батыс Қазақстанның Ақтау, Ақтөбе, Атырау және Орал қалаларында мектеп жасындағы балалар мен жасөспірімдердің денсаулыққа қатысты мінез-құлықтарын зерттеу жөніндегі сауалнама жүргізді. Балалар мен жасөспірімдердің аурушандық деңгейіне салыстырмалы талдау жүргізді. Атмосфералық ауа сапасының балалар мен жасөспірімдер денсаулығына әсерін бағалады. Жалпы білім беретін мектеп үлгісінде оқушылар арасында денсаулықтарын нығайтуға ықпал ететін Мектеп әзірледі және сынақтан өткізді (апробация) өткізді. Статистикалық өңдеу жүргізді. Диссертацияның барлық бөлімдері, зерттеу мақсаттары, міндеттері мен бағдарламалары, материалды жинау және өңдеу, диссертацияның негізгі қағидалары, қорытынды мен тәжірибелік ұсынымдар автормен өз бетінше тұжырымдалған және жазылған.

### **Диссертацияның көлемі мен құрылымы**

Диссертация мазмұнынан, анықтамалар, белгілеулер мен қысқартулардан, кіріспеден, әдебиеттерге шолу, зерттеу әдістері мен материалдарынан, зерттеу нәтижелері мен талқылаулардан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер және қосымшалардан тұрады. Диссертациялық жұмыс компьютерлік терімнің 142 бетін құрайды. Құрылымы 38 кесте және 104 суреттен тұрады. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі 140, 36 отандық, 39 ресейлік, 65 шетелдік ғылыми мақалаларын құрайды. Қосымшалар диссертация соңында тіркелген.

# **1 БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ӨМІР САЛТЫНЫҢ ЖЕТЕКШІ ФАКТОРЛАРЫНЫҢ ӘСЕРІ (ӘДЕБИЕТТЕРГЕ ШОЛУ)**

## **1.1 Балалар мен жасөспірімдер денсаулығы және өмір салты**

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан - 2050 Стратегиясы Жолдауында Қазақстан ХХІ ғасырдың ортасына қарай әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына кіру мақсатында Экономикалық ынтымақтастық және Даму Ұйымының біздің елімізбен арасындағы алшақтықты жеңу жолында ұлт денсаулығын сақтаудың жоғары деңгейін, тұрғындардың өмір сүру ұзақтығы мен өмір сапасын жақсарту ең тиімді әдістермен жаһандық және жергілікті қауіптерді ескере отырып қамтамасыз етілуі керек, сонымен қатар денсаулық сақтау жүйесі мемлекеттік ішкі саясатының негізгі міндеті халық денсаулығын жақсарту шаралары болуы керек» жолдауы [7].

Дүниежүзілік Денсаулық сақтау Ұйымы жасөспірімдер денсаулығының әртүрлі детерминанттарын анықтай отырып, балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын жақсарту шараларын құрудың дәлелдемелік базасын дамыту мен синтездеуге қолдау көрсетті [8]. Денсаулық сақтауды басқару менеджментімен қатар, ауруды басқару дами бастады, ол жеке ауруларды емдеуге жұмсалатын шығындарды төмендетуден бастап, емделудің құнына және шұғыл шараларды талап ететін жедел жағдайларды болдырмауға бағытталған медициналық жағдайларды реттеуге назар аударды. Бұл өзгерістердің себептерінің бірі денсаулық сақтау жүйесі дамыған елдердегі науқастардың көпшілігі созылмалы аурулары бар адамдар және олардың толығымен айығып кетуі мүмкін еместігі, бірақ олардың өмір сапасын айтарлықтай жақсартып, медициналық қызметтерге деген қажеттілігін төмендетуге болады [9,10].

Балалар мен жасөспірімдердің денсаулығы, дамуы мен тәрбие мәселесі қазіргі қоғамның маңызды міндеті болып қала береді. Жасөспірімде қалыптасқан мінез-құлық ересек жаста психикалық, бірқатар жұқпалы емес аурулардың пайда болуына, зиянды әдеттерге, физикалық белсенділік төмендеуі деңгейіне шағымдардың дамуы сияқты аспектілерге әсер етуі мүмкін [11]. 11 мен 15 жас аралығындағы жасөспірімдер көптеген қысым мен қиындықтарға тап болады, оның ішінде оқу үлгеріміне деген үміттердің артуы, отбасындағы және құрдастары арасындағы әлеуметтік қатынастардың өзгеруі, өсуге байланысты физикалық және эмоционалдық өзгерістер тағы бар [12]. Бұл жылдар олардың денсаулығына және денсаулыққа байланысты мінез-құлықтың қалыптасуына әсер етуі мүмкін шешім қабылдауда қалыптасатын тәуелсіздіктің өсу кезеңін белгілейді [13]. Психикалық аурулардың ғаламдық ауыртпалығын және халықтың психикалық денсаулығын сақтау жүйелерін сақтау стратегияларын зерттеуге арналған әдебиеттерге шолу С.А. Трущепев ұсынған. Психикалық аурулардың жаһандық ауыртпалығы артып келе жатқанын анықтады және бұл проблеманы жеңу үшін ДДСҰ психикалық денсаулықты қолдау жүйесін дамытуға қатысты мәселелерді мемлекеттік стратегиялық құжаттар мен ұлттық

денсаулық сақтау жоспарларын да ескеруді ұсынды. Психикалық бұзылулардың ауыртпалығын төмендетудің маңызды факторы психикалық денсаулық сақтау қызметін дамытуға және оларды алғашқы медициналық-санитарлық көмекке интеграциялауға бағытталуы болады [14].

Жаһандану денсаулық сақтаудың басым бағыттарына тікелей әсер етеді, оларға алғашқы және арнайы медициналық көмек, соның ішінде балалар жүйке-психиатриялық мекемелері мен кеңселері кіреді. Мұнда ұйымдастырушылық компонент медициналық ұйым қызметінің басқару моделін таңдауға байланысты: ғаламдық стратегиялар; портфолио стратегиялары: әртараптандыру, қайта құрылымдау, өмір сүру. Жаһандану процесінің ерекшеліктері жастарға психикалық денсаулық сақтауды ұйымдастыруда жаңа, стандартты емес шешімдерді қажет етеді. Алайда, ол әлі күнге дейін келесі ерекшеліктермен сипатталатын оңалту тұжырымдамасы негізінде салынған: патологиялық бұзылулардың пайда болу қаупі факторларына емес, салдарына әсер етеді; егізінен денсаулық сақтау, білім беру және халықты әлеуметтік қорғау; мекемелердің мүмкіндіктеріне негізделген; психикалық науқастармен жұмыста, баланың отбасының мүмкіндіктеріне қарамастан, мемлекеттік мекемелерге басымдық береді; балалардың денсаулығын қорғау тұрғысынан мемлекеттік саясаттың мүмкіндіктерін толық пайдаланбайды; балалар амбулаториялары қызметінің тиімділігін сипаттайтын заманауи ғылыми негізделген көрсеткіштердің қатарына «балалар мен жасөспірімдердің денсаулығы мен дамуы» еуропалық стратегиясының критерийлерін енгізбейді, бұл алдын-алуға болатын ақыл-ойдың қауіп факторларын анықтауды қиындатады балалардағы денсаулықтың нашарлауына әкеледі [15]. Негізінен сапалық көрсеткіштермен сипатталады: олар балаларға арналған жүйке-психиатриялық мекемелер жұмысының басымдықтарын анықтаған кезде маркетингтік стратегия қолданбайды; аурудың ықтимал сценарийлерінің және оның психикалық бұзылулардың алдын алудың әртүрлі бағдарламаларын іске асырумен байланысты нәтижелерін әзірлемейді [16].

Қазіргі кезде аурушандық құрылымында жетекші орынды жұқпалы емес аурулар алады: бірінші орында тыныс алу жүйесі аурулары, екінші орында ас қорыту жүйесі, үшіншісі жүйке жүйесі аурулары. Қанайналым жүйесі аурулары 2,4 есеге, жүйке жүйесі аурулары 2,0 есе, ас қорыту жүйесі аурулары 1,8 есе, есту жүйесі аурулары 1,5 есеге жоғарылады. Әр үшінші жасөспірімнің функционалды және созылмалы патологиясы бар, ал 18%-ында бірнеше созылмалы аурулардың комбинациясы бар [17]. Жасөспірімдердің денсаулығының нашарлауының негізгі себептері - күндізгі рационалды режиммен қатар, үлкен оқу жүктемесі, дұрыс тамақтанбау, зиянды әдеттер, соның ішінде, темекі шегу мен алкогольдік сусындар тұтыну, жұқпалы аурулармен ауыру, физикалық белсенділіктің жеткіліксіздігі сияқты мінез-құлық факторлары жатады [18,19]. Дене белсенділігінің жеткіліксіздігі дүниежүзілік масштабта аурушандықтың негізгі себептері болып табылатын маңызды қауіп факторларының бірі болып саналады. Денсаулыққа арналған физикалық белсенділік жөніндегі жаһандық ұсыныстар

бірінші кезекте физикалық белсенділікті насихаттау арқылы, жасөспірімдердің темекі шегу мен алкоголь тұтыну, жұқпалы ауруларды алдын алуға бағытталған. Жасөспірімдердің денсаулық жағдайын талдау жасөспірім қыз балалардың денсаулық индексінің деңгейі олардың жартысынан көбінде ұрпақты болу жүйесі дисфункционалды жағдайлары бар [20-22].

Отандық және шетелдік ғалымдардың пікірі бойынша, балалар популяциясының алиментарлы-тәуелді аурушандық деңгейінің жоғарылауы дәрумендер мен микроэлементтердің алмасуының жеткіліксіздігімен, жеткіліксіз тамақтану аясында белсенді өсу мен жетілу кезеңінде оның тез сарқылуымен байланысты. Балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын сақтау мен нығайтудың өзекті мәселелерінің бірі - оларды физиологиялық және гигиеналық талаптарға жауап беретін, олардың сандық және сапалық жағынан жеткілікті тамақтануы болып табылады.

Жемістер мен көкөністерді жеткілікті мөлшерде қабылдау денсаулық сақтау тұрғысынан маңызды. Жасөспірім кезінде жемістер мен көкөністерді жеткілікті мөлшерде тұтыну әсіресе маңызды. Біріншіден, осы кезеңде дене тез өсіп, жемістер мен көкөністер бере алатын көптеген қоректік заттарды қажет етеді. Екіншіден, балалық және жасөспірім кезінде қалыптасқан тамақтану әдеттері ересек жасқа ауысады. Балалар мен жасөспірімдер арасында жеміс-жидек пен көкөністі тұтынуды анықтайтын факторлар көп. Факторлардың бірі - тағам қабылдау жиілігінің әсері. Балалар мен жасөспірімдердің тамақтануының құрылымы мен сипатын зерттеу, салауатты өмір салтын насихаттауды күшейту контекстінде тамақтануды рационализациялау мәселелері ерекше назар аударуға тұрарлық. Көптеген елдерде жүргізілген зерттеулер артық майды тұтынудың көрінісін көруге мүмкіндік береді, бұл семіздіктің өсуіне әкеледі, бұл адамдардың өмір сүру ұзақтығы мен олардың өмір сүру сапасын төмендетеді. Өмір бойы дұрыс тамақтану бірқатар жұқпалы емес аурулар мен денсаулықтың бұзылуының алдын алуға көмектеседі. Қазіргі уақытта адамдар жоғары калориялы тағамдарды, майларды, қант пен тұзды көп пайдаланады, ал көптеген адамдар жемістерді, көкөністерді және дәнді дақылдар сияқты басқа да талшықтарды жеткілікті мөлшерде тұтынбайды. Жемістер мен көкөністерді тұтынуды ынталандырудың айтарлықтай маңызы бар. Өскелең ұрпақтың, яғни балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын сақтау проблемасы кезек күттірмейтін және маңызды ұлттық экономикалық, әлеуметтік-экономикалық және саяси проблема болып табылады. Балалар мен жасөспірімдердің денсаулығы - мемлекетіміздің болашағы және еліміздің демографиялық негізін қалайтын ерекше әлеуметтік маңызға ие [23].

Қазақстан өз алдына маңызды стратегиялық мақсат қойды – 2050 жылға қарай әлемнің ең дамыған 30 елінің бірі болу. Бұл ретте ел халқының жалпы санының 31,4%-ын құрайтын қазіргі балалар мен жасөспірімдер оң өзгерістерді бәрінен де көбірек сезінетін болады, сондықтан да қойылған мақсатты іске асыруда белсенді қатысушылар болуға тиіс. Бірқатар халықаралық конвенциялар ратификацияланды, құқықтарды қорғау саласында бағдарламалар іске

асырылуда.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының басымдықтарының бірі - салауатты өмір салтын қалыптастыру және медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасын арттыру негізінде халықтың денсаулығын сақтау және нығайту болып табылады. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының тұрақты әлеуметтік-экономикалық даму перспективасын айқындайтын қуатты күш ретінде жастардың денсаулығының медициналық-әлеуметтік және қоғамдық маңызы зор [24].

ДДСҰ анықтамасына сәйкес денсаулық – бұл "аурулар мен физикалық ақаулардың болмауы" ғана емес, сонымен бірге "толық физикалық, психикалық және әлеуметтік әл-ауқат жағдайы" [25]. Әр түрлі деңгейдегі білім беру мекемелері оқушыларының денсаулығы зерттеушілердің назарында қалады, олардың көпшілігі жастар денсаулығының нашарлауын атап өтеді. Орта арнаулы білім беру мекемелері оқушыларының жүгінуіне сәйкес аурулардың таралуының жоғары деңгейіне назар аударылады. Оқушылардың денсаулығының нашарлауының негізгі себептері күннің ұтымсыз режимімен, үлкен оқу жүктемесімен, емтихан сессиясының қарқындылығымен қатар, дұрыс тамақтанбау, зиянды әдеттер, мотор белсенділігінің жеткіліксіздігі сияқты мінез-құлық факторлары болып табылады. Бүгінгі күннің ең өзекті мәселелерінің бірі-психосоматикалық аурулардың көбеюі. Бұл, ең алдымен, жалпы әлеуметтік шиеленіске, бүкіл қоғамның психологиялық теңгерімсіздігіне байланысты. Кірістердің поляризациясы, көптеген отбасылардың күрделі экономикалық жағдайы, болашаққа деген сенімділіктің болмауы алаңдаушылықтың, тітіркенудің өсуіне және нәтижесінде ересектер мен балалардағы психосоматикалық аурулардың көбеюіне әкеледі [26]. Соңғы жылдардағы ғылыми зерттеулер мектеп жасындағы балалар мен жасөспірімдердің денсаулығының нашарлауының айқын тенденциясын көрсетеді. Аурушандық көрсеткіштері балалар денсаулығының нашарлауы дәрежесін объективті түрде көрсетуге мүмкіндік береді, ал оның құрылымы емдеу-алдын алу мекемелері - балалар емханаларында қызмет көрсетуді ұйымдастыру кезінде алдын алудың басымдықтарын айқындауға мүмкіндік береді [27]. Соңғы уақытта жалпы ауру құрылымындағы психосоматикалық патологияның жиілігі соншалықты артып, кейбір зерттеушілер қазіргі қоғамды "психосоматикалық-бағдарланған" деп атай бастады. Сол немесе басқа кезеңде психосоматикалық реакциялар немесе оның ағымын ауырлататын және созылуға ықпал ететін бұзылулары жоқ соматикалық ауруды атау қиын [28].

Балалар мен жасөспірімдер арасында күрделі өзара байланысты психикалық және соматикалық көріністері бар аурулардың таралуы айтарлықтай және тұрақты өсу үрдісіне ие. ТМД елдерінде педиатрлар қадағалайтын балалардың 40%-на дейін диагностикалық верификацияланған аурулар жоқ, дегенмен олар көптеген соматикалық шағымдарды ұсынады.

Этникалық ерекшеліктерге, әлеуметтік ортаға, отбасылық инфрақұрылымға, тәрбиеге байланысты әртүрлі популяциялардағы мұндай

балалардың үлесі айтарлықтай өзгереді [29]. Физикалық белсенділіктің жеткіліксіздігі жаһандық көлемде аурудың себептері болып табылатын маңызды қауіп факторларының бірі болып саналады. Көптеген елдерде физикалық инерттілік өсуде (физикалық белсенділіктің жеткіліксіздігі), бұл инфекциялық емес аурулардың дамуына және жалпы әлемде халық денсаулығының нашарлауына әкеледі. Денсаулыққа арналған физикалық белсенділік бойынша жаһандық ұсыныстар, ең алдымен, халық арасында физикалық белсенділікті насихаттау арқылы инфекциялық емес аурулардың алдын алуға бағытталған. Жұқпалы емес аурулармен, психикалық денсаулығының бұзылуымен, тамақтанудың жеткіліксіздігімен, зорлық-зомбылықпен және жарақаттармен күрес ДДСҰ-ның жаһандық стратегиясының бір бағыты болып табылады [30].

Қазіргі жағдайда жастардың күнделікті іс-әрекеттегі мінез-құлқы, ең алдымен, құндылықтардың, бұқаралық ақпарат құралдары мен жастар ортасы ұсынған мінез-құлық стереотиптерінің әсерінен қалыптасады. Өзін-өзі сақтау орыс жастары өкілдерінің көпшілігінің өмірлік мақсаты емес. Жастардың өзін-өзі сақтайтын мінез-құлық стратегияларын дамытуға әсер ететін факторлардың қатарына гендерлік, жас, оқу орнының типі, өндірістік ұжым факторлары жатады. Анықталғаны, қыз балалар едәуір көбірек бағдарланған самосохранение салыстырғанда жасөспірімдермен [31]. Осылайша, денсаулықты бұзатын теріс факторларға қарсы тұрудың маңызды қабілеті ретінде жастардың өзін-өзі сақтау мінез-құлқын қалыптастыру қажеттілігі барған сайын айқын бола түсуде. Кедейшілік жағдайы және оның төмендеу динамикасы туралы қолда бар бірқатар деректерге қарамастан, Қазақстанда балалардың әл-ауқаты туралы ақпарат әлі де жеткіліксіз. Бұл балалар мен жастардың өмір сүру жағдайларын жақсартуға бағытталған тиімді саясатты әзірлеуде Қазақстан Республикасының Үкіметі тарапынан елеулі ақпараттық олқылықтың орын алғанын айғақтайды. Ұлттық Даму стратегиясы-2030 қалалар мен ауылдарда балаларды мектепке дейінгі біліммен қамтуды, ана мен бала өлімін азайтуды, жалпы халықтың өмір сүру сапасын жақсартуды және қолданыстағы әлеуметтік қорғау жүйесін нығайтуды болжайды (БҰҰ Балалар Қоры, (ЮНИСЕФ) 2010). Шетелдерді дамыту институтының (БҰҰ Балалар Қоры тапсырысы бойынша дайындалған, 2009) баяндамасында Республика үкіметтері тарапынан одан әрі инвестициялау үшін бірнеше саяси салалар айқындалды [32]. Балаларға қатысты ұлттық даму бағдарламасы мен стратегияны табысты іске асыру үшін балалардың әл-ауқатын тиімді жақсартуға қабілетті нақты саяси шараларды айқындау және іске асыру талап етіледі. Бұл, ең алдымен, балалардың әл-ауқаты, олардың қазіргі өмірі, мүмкіндіктері мен проблемалары туралы кешенді мәліметтер базасын құруды талап етеді. Тұлғаның дамуы отбасында басталады. Өмірдің алғашқы кезеңдеріндегі отбасы жеке тұлға үшін жалғыз, кейінірек маңызды әлеуметтік топтардың бірі болып табылады. Отбасы эмоционалды тұрақты, өміршен, шығармашылық бағдарланған тұлғаны қалыптастырудың негізгі және қажетті шарты болып табылады, өйткені адам психикасының негізгі құрылымдары негізінен пренатальды және постнатальды кезеңдерде, бала ата-анасына толық



тәуелді болған және оның негізгі қажеттіліктеріне сәйкес жағдайларды қажет ететін кезеңдерде қалыптасады. Бала жеткілікті жұмыс істейтін отбасы жағдайында өмірлік қажеттіліктерді оңтайлы қанағаттандырады. Ол өте бейімделгіш, әке мен ананың үйлесімді үлгілері бар, бұл дұрыс неке таңдауын жасауға және отбасында ата-аналық қарым-қатынасты көбейтуге мүмкіндік береді. Әр түрлі отбасылардағы балалардың тәрбиесін, ата-аналардың мінез-құлқын бақылау психологтарға ата-аналық қатынастардың ерекшелігін анықтайтын әртүрлі ата-аналық көзқарастардың, позициялардың, мінез-құлық түрлерінің, қарым-қатынас стилдерінің және т.б. сипаттамасын беруге мүмкіндік берді. Жіктеуге ең жалпы көзқараста оңтайлы және оңтайлы емес ата-аналық ұстаным тұжырымдалды. Ата-ананың оңтайлы көзқарасы жеткіліктілік, икемділік және болжау талаптарына сәйкес келеді. Бала-ата-ана қарым-қатынасы тұтас жүйе ретінде отбасылық қатынастардың маңызды ішкі жүйесін құрайды және оны бала мен ата-ананың жас ерекшеліктеріне байланысты үздіксіз, ұзақ және делдал ретінде қарастыруға болады [33].

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДСҰ), БҰҰ Балалар Қоры (ЮНИСЕФ), білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымы (ЮНЕСКО) және Дүниежүзілік банк оқушылардың денсаулығын сақтауға бағытталған іс-қимылдардың бірыңғай шеңберін – FRESH (ресурстарды мектептерде денсаулықты тиімді қорғауды қамтамасыз етуге бағыттау) айқындады.

FRESH (Focusing Resources on Effective School Yealth) – ресурстарды мектептерде денсаулықты тиімді қорғауды бастамасының мақсаты тиімді, нақты және нәтижеге бағытталған денсаулық сақтау бағдарламаларын қолдау болып табылады, осылайша мектептер бір жағынан сау оқу орнына, ал екінші жағынан балалар сау болуды үйренеді. Бұл бағдарламалар балалардың мектепке және оқуға түсуін, білім алуын, сондай-ақ өмірлік дағдыларын дамытуды және салауатты өмір салты моделін қабылдауды қамтамасыз етуге арналған.

FRESH тұжырымдамасы – барлық мектептерде жүзеге асырылуы керек төрт негізгі компоненттен (бағдарламалық принциптерден) тұрады:

- 1) мектептердегі денсаулық сақтауға тең қол жеткізу саясаты
- 2) қауіпсіз білім беру ортасы
- 3) дағдыларды дамыту негізінде денсаулық саласындағы білім беру
- 4) мектептердегі денсаулық сақтау және тамақтану саласындағы қызметтер.

Мектептерде денсаулықты қорғауға тең қол жеткізу саясатын іске асыру оқушылардың, оқытушылардың денсаулығы мен қауіпсіздігін сақтау, нығайту және оларды барлық білім беру мекемелерінде сақтау үшін ұлттық стандарттардың, нормалардың болуын болжайды. Мұндай саясат білім беру процесіне қатысушылардың барлығының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және әкімшіліктің, педагогтардың, оқушылардың, ата-аналардың және жергілікті қоғамдастықтың бірлескен күш-жігерімен білім беру мекемесінде қолайлы ахуал жасауға бағытталған. Оқушыларды толық және теңгерімді тамақпен қамтамасыз ету денсаулықты сақтауға және нығайтуға ғана емес, сонымен қатар үлгерімді

арттыруға да ықпал етеді. Денсаулықты нығайту көбінесе мектептің білім беру мақсаттарының бөлігі емес, өйткені мектептің негізгі міндеті - оқыту. Білім беру және денсаулық сақтау салаларын біріктіру және бүкіл мектеп үшін денсаулықты жақсарту үшін 1980 жылдардың соңында Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДСҰ) ДНЫМ тәсілін әзірледі [34]. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы мектеп қоғамдастығының барлық мүшелерінің белсенді қатысуымен және үнемі бақылау мен бағалаумен салауатты мектеп ортасын, мектеп саясаты мен оқу бағдарламаларын құруға назар аудара отырып, жалпы мектеп тәсілін жақтады. Бұл "барлық оқушылардың, сондай-ақ оқытушылар мен педагогикалық емес персоналдың әл-ауқаты мен әлеуметтік капиталын дамыту мектебі" ретінде Еуропадағы денсаулық мектептері (ЕДМ-SHE) анықтайтын тәсілге айналды [35].

Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін Мектептер (ДНЫМ) тәсілінің мақсаты-бүкіл мектепте өзгерістер жасау, бұл қиын мәселе, өйткені мектептер өзара әрекеттесетін факторлардың барлық түрлерімен күрделі жүйелер ретінде қарастырылуы мүмкін. Бұл дегеніміз, мектеп динамикалық ұйым болып табылады және мектептердің өзгертін жағдайларға бейімделуін қамтамасыз ету үшін икемді тәсіл қажет: Сонымен қатар, әр мектеп өзінің нақты жағдайлары мен сипаттамаларына, мысалы, әлеуметтік, саяси, экономикалық және физикалық ортаға байланысты нақты контексте жұмыс істейді; мектеп мүшелерінің ерекшеліктері, мінез-құлқы, тілектері мен қажеттіліктері; мектеп орналасқан кең қауымдастық; және мектептің тарихы мен ұйымдастырылуы. Бұл қажеттіліктер, тілектер мен мүмкіндіктер мектепке байланысты өзгеріп отыратынын білдіреді. Бұл сонымен қатар мектеп ерекше әрекет етеді және денсаулықты нығайтуға араласуға әр түрлі жауап бере алады дегенді білдіреді. Осылайша, денсаулықты нығайтуға ұқсас араласулар жүзеге асырылса да, мектептерде әртүрлі әсерлерге қол жеткізіледі. Демек, мектепте ДНЫМ тәсілін жүзеге асыруды ешқашан оның мәнмәтінінен бөлек қарастыруға болмайды - "Барлығына арналған бір өлшем" тәсілі жоқ. Әрбір мектепте нақты жағдайларға сәйкес келетін тиімді және тұрақты іс-әрекеттер жасау үшін ТЖОО қағидалары жеке аударуды қажет етеді [36].

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің (ҚР ДСМ) Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы (ҚДСҰО) Мемлекет басшысының 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өндірістік революция жағдайында дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық жоспардың 63-тармағын іске асыру шеңберінде, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен және жергілікті атқарушы органдармен келісу бойынша «Қоғамдық денсаулықты басқару бойынша 2018-2021 жылдарға арналған шаралар жоспарын бекіту туралы» ҚР ДСМ-ның 2018 жылғы 18 мамырдағы №271 бұйрығын бекіткен. Жоспарда «Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін мектептер» (ДНЫМ) Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымының (ДДСҰ) жобасын енгізу жөніндегі іс-шаралар көзделген. ДНЫМ - бұл мектеп, онда оқушылардың денсаулығын сақтау бойынша іс-әрекеті салауатты өмір салтын жүргізуге уәждеме қалыптастырады,

білім беру міндеттерін толықтырады, олардың академиялық үлгерімін арттыруға ықпал ететін жеке және әлеуметтік дағдыларды меңгереді және бекітеді. ҚДСҰО - Қазақстандағы ДНҰМ жобасының ұлттық үйлестірушісі болып табылады. 2019 жылдан бастап еліміздің өңірлерінде ДДСҰ-мен бірлесе отырып, мектептерде денсаулықты нығайтудың жалпы мектептік тәсілдемесінің принциптерін көрсете отырып, еуропалық елдердің үздік тәжірибесі мен дәлелдеу тәжірибесін есепке ала отырып, техникалық кеңес беруді жүргізуді бастады [37,38].

## **1.2 Балалар мен жасөспірімдер денсаулығы және тамақтану тәртібі**

«Денсаулық сақтаудың маңызды мәселелерінің бірі – балалардың денсаулық жағдайы мен салауаттылығын жақсарту», – деген ғалым, тағамтану академиясының президенті Т.Ш. Шармановтың осы Қазақстанымызда тағамтану мәселесіне қосқан үлесі өте зор [39]. М.М. Айджанов, Б.А. Қилыбаева зертеу жұмыстарында алиментарлы аурулардың динамикалық нәтижелері туралы зерттеулері көрсеткендей, соңғы онжылдықтарда дені сау оқушылар санының азаюы байқалған, керісінше, созылмалы аурулар, сондай-ақ анемия мен метаболизм бұзылыстары аурулары жиі тіркелген [40]. Зерттеуші И.Ю. Шевченко айтуы бойынша, қазақстандық зерттеулерге қарағанда соңғы 5 жылда мектеп оқушыларының арасындағы аурушандық орта есеппен 23% өскені анықталды. Соның ішінде, қан жүйесі ауруларының таралуы 2,5 есеге, тыныс алу жүйесі аурулары - 1,5 есеге, эндокриндік аурулар - 1,4 есеге, жүйе-ке жүйесі аурулары - 1,4 есеге, улану мен жарақаттар - 1,2 есе өскендігі анықталды [41,42]. Л.Ж. Орақбай және бірқатар зерттеушілердің пайымдауынша, халық денсаулығы көрсеткіштерінің бірі - аурушандық деңгейі. Олар қоршаған ортаның әртүрлі факторларының адам денсаулығына тигізген әсерін көрсетеді, климаттық, санитарлық-гигиеналық, экологиялық факторларын ескере отырып, аймақтық ерекшеліктерді ескеру керек [43].

Америкалық зерттеушілері R. Bonnie, C. Stroud, H. Breiner жас ересек адамдардың денсаулығы мен әл-ауқатына инвестиция салу жасөспірім кезеңінен ересек өмірге ауысқан кезде осы жастағы топтың нәтижелерін жақсартудың жол картасын ұсынды [44]. F. He, C. Nowson, G. MacGregor зерттеулері бойынша, әдетте тұтынылатын жемістер мен көкөністерді көбірек тұтыну қан сұйылту қабілетін арттыратындығын айтады. Біздің басты мақсатымыз, халық денсаулығын сақтау және нығайту оларды физиологиялық және гигиеналық талаптарға сай, сонымен қатар сандық және сапалық тұрғыдан сәйкес тамақтанумен қамтамасыз ету болып табылады [45]. Балалардағы ас қорыту жүйесі аурулары балалардың соматикалық патологиясының құрылымында жетекші орын алады екен. Өздерімізге белгілі, жемістер мен көкөністер жүрек-қан тамырлары, эндокриндік және алиментарлы аурулардың қаупін азайтады [46]. Балалар мен жасөспірімдердің жемістер мен көкөністерді жеткілікті мөлшерде тұтынуы қазіргі кезде өте маңызды. Осы кезеңде дене дамуы үшін жемістер мен көкөністер бере алатын көптеген қоректік заттар қажет [47]. Адамға қоршаған ортаның химиялық факторлардың әсерінен және экологиялық

себептермен болатын ластанудан гигиеналық әдістер арқылы қорғануға болады [48]. Тұрдалиева Б.С. Қазақстан Республикасындағы балалар мен жасөспірімдер денсаулығының жағдайына қатысты қалыптасып жатқан жағдайға алаңдаушылығын ерекше атап отыр [49]. Бірнеше авторлармен бірігіп атап өтілгендей, жас ұрпақтың денсаулығын сақтау - бұл мемлекеттің маңызды стратегиялық міндеті, өйткені елдің ересек тұрғындарының денсаулығының негізі балалық шақта қаланады [50]. Өскелең ұрпақтың денсаулығын қалыптастырудың таптырмас шарты адекватты, теңдестірілген тамақтану, оңтайлы өсу мен дамуды қамтамасыз ету болып табылады [51]. Балалардың денсаулығын басты қамтамасыз етуге медициналық көмек ретінде ұйымдастырулар мәселесі қарастырылуы қажет [52].

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДСҰ) Еуропа мен Солтүстік Американың 43 еліндегі әдістемесіне сәйкес мектеп жасындағы балалардың денсаулығына – Health Behaviour in School-aged Children (HBSC) зерттеулер жүргізілді [53]. HBSC, балалар мен жасөспірімдердің денсаулық жағдайын ДДСҰ халықаралық зерттеуі мектеп жасындағы балалардың семіздік пен артық салмақтың мінез-құлық факторларын бағалайтын арнайы зерттеуді қамтиды [54]. Кешенді әлеуметтік-гигиеналық зерттеулер балалар мен жасөспірімдердің экономикалық, экологиялық, әлеуметтік, этномәдени детерминанттардың әсерін анықтады [55]. В.К. Альбицкийдің жүргізген сауалнама нәтижелеріне қарағанда, жасөспірімдерді психологиялық үйлесімділік критерийлеріне, мінез-құлық қауіп-қатерінің басым факторларына, құндылық қатынастарына және т.б. негізделген топтарға бөлуге болады екен. Бұл денсаулық сақтаудың тұрақты және мінез-құлқын қалыптастыру бойынша жұмысты оңтайландыруға жағдай жасайды [56].

Дұрыс тамақтану - денсаулық жағдайын анықтайтын негізгі фактор. Қазіргі уақытта Қазақстан халқының шамамен 60%-ын мектеп жасындағы балалар құрайды. Біздің елімізде денсаулық сақтаудың маңызды проблемаларының бірі балаларды сауықтыру болып табылады [57].

Жемістер мен көкөністерді жеткілікті мөлшерде тұтыну денсаулық сақтау тұрғысынан маңызды. Жемістер мен көкөністерге бай диеталар жүрек-тамыр, эндокриндік және басқа да алиментарлық аурулардың қауіпін азайтады [58,59]. Жасөспірім кезінде жемістер мен көкөністерді жеткілікті мөлшерде тұтыну өте маңызды. Біріншіден, осы кезеңде дене тез өсіп, жемістер мен көкөністерді қамтамасыз ететін көптеген қоректік заттарды қажет етеді. Екіншіден, балалық шақта және жасөспірімде қалыптасқан тамақтану әдеттері ересектерге айналады. Балалар мен жасөспірімдер арасында жемістер мен көкөністерді тұтынудың детерминанттары көп. Біздің міндеттеріміздің бірі семіздіктің дамуындағы және зерттелген балалар топтарының денсаулығын қалыптастырудағы жеке тамақтану факторларының, диетаның маңыздылығын анықтау болды. Сонымен қатар, ер балалар мен қыз балалар арасында, сондай-ақ әртүрлі жас топтарында тамақтану сипаты мен құрылымында айырмашылықтар бар-жоғын анықтау қажет болды [60].

### **1.3 Балалар мен жасөспірімдердің денсаулығы және мінез-құлық**

**Отбасы мен мектептегі мотивациялық мінез-құлық.** Адамдардың, адамзат өркениеттерінің ғасырлар бойғы тәжірибесі отбасы неғұрлым мейірімді және ұйымшыл болса, балалардың физикалық, рухани-адамгершілік, еңбек тәрбиесінің нәтижелері соғұрлым жоғары болатындығын көрсетеді. Отбасында балалар қоршаған әлем туралы бастапқы идеяларды, құндылық бағдарларын және әлеуметтік көзқарастарды қалыптастырады. Әр отбасының өзіндік ерекше рухани әлемі, балалардың өмірі мен қызметін ұйымдастыруға материалдық мүмкіндіктері бар. Көп балалы отбасылардан шыққан мектеп оқушылары, әсіресе қыз балалар, көптеген елдерде қарым-қатынастың жеңілдігі туралы жиі айтады. Отбасының байлығы балалар үшін материалдық ресурстардың болуымен, ата-аналардың білім деңгейінің жоғарылауымен және білім алу үшін неғұрлым толық орта құру мүмкіндігімен тығыз байланысты. Қыз балалар әсіресе, әл-ауқаты төмен отбасыларынан, ата-анасымен қарым-қатынасы барынша жауапкершілікті [61].

Отбасы - денсаулық үшін ресурс рөлін атқара алады. Мысалы, Шотландияда жүргізілген зерттеу көрсеткендей, тіс щеткалары аз табысы бар отбасылардан шыққан жасөспірімдер тобында жиі кездеседі, бірақ бұл көрсеткіш күн сайын таңғы ас ішетіндер арасында маңызды емес және тұтастай алғанда бірлескен отбасылық тағамдарға қосылған, бұл отбасы экономикалық жағдайына қарамастан денсаулықты нығайтуда маңызды рөл атқара алады деп болжайды. Шығыс және Оңтүстік Еуропаның қыз балаларды Солтүстік және Батыс Еуропа мен Солтүстік Американың қыз балаларды алдымен салыстырғанда анасымен қарым-қатынас жасаудың жеңілдігі туралы көбірек айтады. Сол сияқты, балалар мен жасөспірімдер Шығыс Еуропа елдерінде әкесімен қарым-қатынас жасаудың жеңілдігі туралы хабарлау ықтималдығы жоғары [62].

**Отбасының әлеуметтік-экономикалық әл-ауқаты.** Халық денсаулығын сақтау - бұл мемлекеттің бірінші кезектегі міндеттерінің бірі [63,64]. Нойос С. және зерттеушілердің айтуынша, мектеп жасындағы балалардың денсаулығына жағымсыз факторларға қарсы тұрудың ең маңызды қабілеті ретінде мінез-құлықты қалыптастыру қажет екендігі айқын болады [65]. Қалыптасудың алғышарты ретінде балалардың денсаулығын сақтауға деген саналы көзқарасын дамыту, өз денсаулығын сақтау қажет шарттары, яғни тәртіп, тәрбие және мектеп мұғалімдерінен насихат бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жүзеге асыру [66].

Даму бағдарламасы мен стратегиясында балалар мен жасөспірімдерді мектепке дейінгі тәрбиемен қамту тек қалаларда ғана емес, сонымен қатар ауылдарда, жалпы халықтың өмір сүру сапасының жақсаруы, қолданыстағы әлеуметтік қорғау жүйесінің нығаюы болжануда [67].

**Мектеп ортасы және өзін-өзі бағалау.** Мектептің рөлі оқушылардың оқу нәтижелеріне қол жеткізу үшін күш салудан тыс, сонымен қатар оқушылардың денсаулығы мен әл-ауқатын жақсартудан да тұрады. Осыған байланысты мектеп

климатын зерттеудің маңыздылығы туралы кейде мектеп мәдениеті немесе мектеп ортасы деп те атайды. Мейірімді, қамқор мұғалімдердің болуын білдіретін жағымды мектеп климаты жағдайында оқу үлгерімі жоғары ғана емес, сонымен қатар балалардың денсаулығы, әл-ауқаты, денсаулығы және денсаулығына қатысты мінез-құлқы туралы жағымды идеялары да байқалады. Мектеп жүйелерін және мектеп өмірінің тәжірибесіне қатысты HBSC зерттеу нәтижелерін салыстыру мектеп жүйелерінің жас ұрпақ үшін қолайлы орта мен жағымды тәжірибе қалыптастыруға ықпал ететін жақтарын анықтауға көмектеседі [68].

**Қоршаған орта және мінез-құлық.** Соңғы онжылдықта зерттеушілер балалар мен жасөспірімдер денсаулығының әлеуметтік детерминанттарға байланысты мәселелеріне назар аударды. Балалар мен жасөспірімдердің денсаулығының қалыптасуы өмір сүру жағдайымен қатар, медициналық көмекті де ұйымдастыруды қажет етеді [69,70].

Зерттеуші В.Ю. Барановтың айтуы бойынша, өмір сапасы - бұл материалдық және мәдени адамдардың қанағаттану дәрежесін білдіретін социологиялық категория. Осыған байланысты, мектеп жасындағы балалардың денсаулығы үшін мінез-құлық факторларының маңыздылығы ерекше. Ю.А. Рахманинидің зерттеуінде Кемерово қаласындағы жасөспірімдер арасындағы балалар денсаулығына байланысты сапа көрсеткіштерімен қатар, әлеуметтік жағдайы жоғары, орташа және төмен деп бөліп зерттелген [71,72].

Балалар мен жасөспірімдер арасында жарақаттардың, уланулардың ірі қалаларда ауылдық елді мекендермен салыстырғанда таралу деңгейі едәуір жоғары, бұл олардың ағзасына бірлескен әсердің нәтижесі болып табылады. Сонымен қатар, қаланың атмосфералық ауасын ластаушыларға шаң, көміртегі оксидтері, азот оксидтері, күкірт диоксиді, күкіртті сутек, бензо(а)пирен, ауыр металдар және диоксид жатады [73,74].

Е.А. Перевертайлоның зерттеуі бойынша, мектеп жасына дейінгі балалардың физикалық, психикалық және әлеуметтік денсаулығының бұзылуының өсу тенденциясын тудырған бірқатар әлеуметтік проблемалардың шиеленісуіне байланысты балалардың аурушаңдық деңгейін зерттеу ерекше маңызға ие [75-77]. Балалар мен жасөспірімдердің денсаулық жағдайы әлеуметтік жағдайлар әсерінен, яғни баланың және отбасының өмір салтына байланысты.

А.А. Савинаның зерттеу нәтижелері бойынша аурушаңдық деңгейінің жеке жас топтарына ғана емес, зерттелушілердің территориялық орналасуына да тәуелділігін көрсетеді [78,79].

**Зиянды әдеттер.** Зерттеушілер А.А. Баранов, В.Ю. Альбицкий де балалар мен жасөспірімдер ата-аналарынан қолдау мен мақұлдауды мұқтаж ететін және қолдауды мүлдем алмайтын балалар мен жасөспірімдер назарда болатынын ескерді. Жасы ұлғайған сайын балалар арасында, әсіресе жасөспірімдерде бұл зиянды әдеттің таралуы 15 жастағылардан жоғары жастарда артады.

Қазіргі уақытта балалар денсаулығын сақтаудың басым бағыттарына

жасөспірімдер денсаулығы мәселелері, балалар мен жасөспірімдер мүгедектігі, алғашқы медициналық-санитарлық көмек жүйесінде балаларға профилактикалық медициналық көмекті жүзеге асыру, медициналық оңалтуды жетілдіру және жүйені оңтайландыру кіреді [80].

Темекі шегуге қатысты мінез-құлық, әдетте, жасөспірім кездерде қалыптасады; темекі шегушілердің көпшілігі 18 жасқа толған кезде алғашқы темекілерін темекі шегіп үлгерді немесе темекі шегуге тәуелді болды деген ақпараттар жиі кездеседі. Ересектерден айырмашылығы, жастарға никотинге үйрену үшін бір-екі темекі және аз уақыт жеткілікті. Сондықтан, жасөспірімдік шақта әртүрлі психоактивті заттарды қолдану мүмкіндігімен байланысты ерекше қауіптермен сипатталатын өте маңызды кезең болып табылады. Балалар мен жасөспірімдердің никотинді қолдануы олардың бас миына ұзақ мерзімде зиянды әсер етуі мүмкін. Темекі шегетін балалар мен жасөспірімдер де өкпе демікпесі, өкпе функциясының нашарлауы және өсу-дамудың тежелу қауіптілігіне ұшырайды, олардың физикалық мүмкіндіктері еңбекке қабілеттілігі жағынан да, шыдамдылық жағынан да темекі шегудің салдарынан төмендейді [81].

Алкогольге тәуелділік неғұрлым тез пайда болатын болса, онымен күресу соғұрлым қиын болады. Жасөспірімдерде тәуелділік өте тез жүреді. Медициналық мәліметтерге сәйкес, егер жасөспірім аптасына бір рет алкогольді тұтынып көрсе, шампан, коктейль немесе сыра болсын, ол алкогольге психологиялық және физиологиялық тәуелділікті дамытады деп есептеуге болады. Және заттарды өз аттарымен атау керек, алкогольді жүйелі тұтыну бұл нашақорлықтың бір түрі болып есептеледі [82].

Нашақорлық ең зиянды әдет болып саналады, өйткені ол жасөспірімнің денесі мен жеке басын найзағай жылдамдығымен бұзады және ұзақ уақыт тәуелділікті қажет етпейді. Бірқатар дәрі-дәрмектерді қабылдаудан тұрақты тәуелділік бірінші рет пайда болады. Егер жасөспірім өте ерте жастан бастаса ол өзі шешім қабылдай алмайды және басқаларды тұтындыруға көндіре алады. Әдетте, есірткіге тәуелділіктің бірден бір себебі ата-аналарының маскүнемдігі, балаларына махаббат пен қамқорлық көрсетпейтін отбасылардан шыққан балаларға тән [83].

Ғаламторда тәуелділік кесірінен жасөспірім балалар өмірінің көп бөлігін өткізсе және қарым-қатынас азайтылса, ғаламтор арқылы адамдармен сөйлессе, виртуалды өмір жасөспірімнің шынайы өмірінде басым болуы мүмкін. Теледидарға тәуелділік тек балалар мен жасөспірімдерде ғана емес, ересектерде де байқалады, олардың бос уақытының көп бөлігі телешоуларды көруге жұмсалады. Ғаламторға тәуелділік жасөспірімдер арасында жиі кездесетін тәуелділік [84].

Мектептер балалар мен жасөспірімдер арасында дене белсенділігін насихаттауда маңызды рөл атқаратыны белгілі [85]. Балалар мен жасөспірімдердің көпшілігі күннің көп бөлігін мектепте өткізеді, сондықтан мектепте дене тәрбиесі сабағында ұсынылған нормативтік тапсырмаларды орындау үшін тиісті мүмкіндіктер бағдарламаларда енгізіліп, толық берілуі

керек [86].

#### **1.4 Балалар мен жасөспірімдер денсаулығы және қолайсыз экологиялық факторлар**

Атмосфералық ауаның ластануы балалар мен жасөспірімдердің денсаулығына ең маңызды экологиялық қауіптердің бірі болып табылады. Ауаның ластануын азайту жөніндегі шаралар арқылы жүрек-қантамыр аурулары, өкпенің қатерлі ісігі, созылмалы және өткір респираторлық аурулармен, соның ішінде астмамен байланысты аурудың ауыртпалығын азайта алады. ДДСҰ-ның атмосфералық ауа сапасы жөніндегі жаңартылған жаһандық әдістемелік нұсқауларында (2021ж.) атмосфералық ауаның ластануының тұрғындар денсаулығына әсерін бағалау нәтижелері келтірілген және денсаулыққа қауіпті ластаушы заттар шоғырлануының ұсынылатын шекті мәндері белгіленген. Атмосфералық ауаның қалаларда да, ауылдық жерлерде де ластануы бүкіл әлемде тыныс алу жүйесі аурушандығының сандық көрсеткішінің жоғарылауына әкеледі. Неғұрлым көлік жүйелеріне және тұрғын үй құрылысына, электр энергиясын өндіруге, өнеркәсіпке және тұрмыстық қалдықтарды өңдеуге энергия тиімді технологияларды енгізуді ынталандыратын стратегиялар мен инвестициялар атмосфералық ауаны ластаудың негізгі көздерінің әсерін азайтуға мүмкіндік береді [87].

Балалардың денсаулығы мен дамуы үшін уйде таза ауамен тыныс алу мүмкіндігі өте маңызды, бірақ тамақ дайындау, жылыту және жарықтандыру үшін қатты отын мен керосинге тәуелділік тым көп балалардың өте ластанған ауамен тыныс алу жағдайында өмір сүруіне әкеледі. Әлемдегі үш миллиардқа жуық адам әлі күнге дейін күнделікті өмірде атмосфераны ластайтын отынға тәуелді. Ластанған ауаның әсерін азайтуға бағытталған тиімді іс-шаралар бүкіл әлемдегі балалардың денсаулығын қорғауға тиіс. АҚШ-да созылмалы аурулармен ауыратын балалардың пайызы едәуір артты: 2014 жылы 12,8%-дан 2016 жылы 26,2%-ға дейін [88]. Голландиялық зерттеу көрсеткендей, 25 жасқа дейінгі балалар мен жастардың 26%-ы созылмалы аурумен ауырады, бұл Нидерландыда 1,3 миллионнан астам адамды құрайды [89]. Бұл созылмалы ауру балаларға, жасөспірімдерге және олардың отбасыларына көмек көрсету кезінде медициналық қызмет көрсетушілердің алдына жаңа міндеттер қояды.

Созылмалы аурушандық өзінен басқа адам мен отбасының психоәлеуметтік жұмысына әсер етуі мүмкін [90-93]. Атап айтқанда, жасөспірім кезінде, физикалық және эмоционалды жетілу, әлеуметтену және жеке тұғланы қалыптастыру кезеңінде созылмалы ауруды емдеу үлкен проблема тудыруы мүмкін [94]. Созылмалы ауруы бар жасөспірімдерде аурумен байланысты белгілер пайда болады (мысалы, ауырсыну немесе шаршау), стресстік жағдайлар және эмоционалды күйзеліс бар [95]. Осыған байланысты созылмалы соматикалық аурулары бар жасөспірімдерде психикалық денсаулық проблемалары, әлеуметтік қызметтің бұзылуы және стигматизация байқалды [96-98]. Сонымен қатар, бұл популяцияда ішкі және сыртқы мәселелердің



жоғарылауы байқалды [99]. Зерттеулер созылмалы аурулар жасөспірімдердің өмірдің әртүрлі салаларында жұмыс істеуіне әсер етеді, бірақ өмірдің қай салаларына әсер ететіндігі және қандай дәрежеде болмайтындығы туралы толық көрініс жоқ. Созылмалы ауруы белгілі бір аурумен шектелмеуі мүмкін, бірақ отбасының басқа мүшелеріне таралуы мүмкін. Бұл физикалық, эмоционалды, әлеуметтік және стресс тұрғысынан отбасының жағдайына әсер етуі мүмкін, сонымен қатар отбасылық күнделікті әрекеттерге әсер етуі мүмкін [100-103]. Мысалы, созылмалы аурушандығы бар ата-ананың болуы стресстің жоғарылауымен, ішкі мәселелерді қолданумен және жасөспірімдерде даму нәтижелерінің нашарлау қаупімен байланысты [104-108]. Сол сияқты, созылмалы ауру бар балалардың ағалары психоәлеуметтік мәселелер мен танымдық және академиялық дамудың бұзылу қаупі жоғары екендігі анықталды [109-111]. Созылмалы аурудың жанама әсерлері дені сау жасөспірімдердің психоәлеуметтік жағдайына әсер етеді. Сондықтан созылмалы аурулар мен жасөспірімдердің психоәлеуметтік қызметі арасындағы байланысты зерттеу өте маңызды [112-114].

Атмосфералық ауаны ластайтын заттардың әсері әлемнің кез келген бөлігінде, ауылдық жерлерде және қалаларда барлық жастағы адамдардың денсаулығына қауіп төндіреді, бірақ адамзаттың ең осал бөлігіне, атап айтқанда балаларға - бұл заттар әсіресе зиянды әсер етеді. Мұның себебі балалар мен жасөспірімдердің бірқатар мінез-құлық, экологиялық және физиологиялық сипаттамаларының үйлесімінде жатыр. Ластанған ауаның балаларға әсері бүкіл әлемде денсаулық сақтау саласындағы төтенше жағдайды тудырады, оған әдетте тиісті көңіл бөлінбейді. Ауаның ластануы қазіргі кездегі адамзаттың басты экологиялық проблемаларының бірі болып табылады, бұл адам денсаулығына қауіп төндіреді [115,116].

Бұл мәселелер әсіресе антропогендік әсер деңгейі өте жоғары деңгейге жеткен Қазақстанның өнеркәсіптік өңірлері үшін де өзекті. Осындай өңірлердің бірі - Орталық Қазақстан. Соңғы 4 жылда бұл өңірде негізгі ластағыштардың сандық құрамы өскен. Шымкент қаласы бойынша 2016-2019 жылдардағы атмосфералық ауаның зиянды қоспалармен ластану деңгейіне талдаулар жүргізілді. Сонымен бірге формальдегидтің де мөлшерінің артқаны анықталды, бұл зат негізінен автокөліктердің пайдаланылған газдарынан тарайды, ол адамның тыныс алу жолдарына, көзге және теріге аса зиянды болып табылады және адамның жүйке жүйесін зақымдайды. Талдаулар нәтижелері Шымкент қаласының атмосфералық ауасының ластануының жағдайына ерекше көңіл бөлу қажеттілігін айқындайды. Демек, ластанған ауаның балалар мен жасөспірімдердің денсаулығына әсерін, оның ішінде оның құрылымы мен таралуын зерттеу өте маңызды ғылыми мәселе болып табылады [117].

Қазақстанда тыныс алу жүйесі аурулары, жүрек, қан-тамыр ауруларына карағанда жалпы аурушандық құрылымның сандық көрсеткіштері бойынша алда тұрғаны белгілі. Өкпенің созылмалы абструктивті аурулары соңғы екі онжылдықта 2 есеге көбейген [118].

Ақтөбе облысы өнеркәсіптік дамыған өңір ретінде қоршаған ортаға белгілі бір жүктемені бастан кешуде. Сондай-ақ, облыста бірқатар тарихи экологиялық мәселелер бар, мысалы, облыстың су қоймаларының ластануы мен тозуы және қалдықтардың жинақталуы және т.б. Ақтөбе облысында І-санат бойынша 185 кәсіпорын бар. Мұнай-газ секторының кәсіпорындары-57 (29%), тау-кен өндіру және тау-кен өңдеу саласы-47 (26%), коммуналдық сектор-8 (4,4%), металлургия өнеркәсібі-2 (1,1%), ауыл шаруашылығы-7 (4%), басқалары-64 (35,5%) құрайды [119]. Тыныс алу жүйесі аурулары балаларда аурушандықтың ең кең таралған себебі және балалардың біріншілік аурушандығы құрылымындағы үлес салмағы шамамен 60% құрайды [120]. Ресми статистикаға сәйкес, тыныс алу жүйесі аурулары барлық жағдайлардың жартысынан көбін құрайтын балалардың жалпы аурушандығы құрылымында бірінші орынды алады. Тыныс алу жүйесі аурулары 14 жасқа дейінгі балаларда жиі тіркеледі [121]. Балалар мен жасөспірімдер арасында тыныс алу жүйесі аурушандығы 15% және жасөспірімдер арасында 10% өскен. Бұл Ақтөбе облысының экологиялық жағдайының нашарлауына және тыныс алу жүйесі ауруларына әкелуі мүмкін [122]. Жүргізілген эпидемиологиялық зерттеу нәтижесі бойынша Ақтөбе облысында тыныс алу жүйесі аурушандығы ең көп таралған аурушандық болып табылады [123].

## **2 ЗЕРТТЕУ МАТЕРИАЛДАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ**

### **2.1 Зерттеу мазмұны мен бағдарламасы**

Диссертациялық жұмыс Батыс Қазақстанның Ақтау, Ақтөбе, Атырау және Орал қалаларында тұратын 11,13,15 жастағы балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын кешенді зерттеу негізінде бағалау жүргізіп, денсаулықтарын сақтау және нығайтуға бағытталған іс-шаралар әзірлеуге негізделген. Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттеріне сәйкес, кестеде зерттеу бағдарламасы ұсынылған (кесте 1).

Кесте 1 - Зерттеу бағдарламасы

Зерттеудің міндеттері мен кезеңдері	Зерттеу әдістері	Зерттеу материалдары мен көлемі
1	2	3
<b>Бірінші кезең</b>		
Балалар мен жасөспірімдер денсаулығына өмір салтының жетекші факторларының әсері (Әдебиеттерге шолу)	Тарихи Библиографиялық Аналитикалық Ақпараттық-аналитикалық Мазмұнды талдау элементтері	Ғылыми-ақпараттық көздер, оның ішінде: PubMed, Elsevier, Scopus базаларынан мақалалар; ғылыми әдебиеттер; ҚР статистикалық мәліметтері.
<b>Екінші кезең</b>		
Балалар мен жасөспірімдердің денсаулығы мен әл-ауқатына медициналық емес детерминанттардың әсерін анықтау	Әлеуметтік Статистикалық	Сауалнама (Health Behaviour School-aged Children (HBSC)) HSBC халықаралық үйлестіру орталығы MRC / CSO әлеуметтік ғылымдар және қоғамдық денсаулық сақтау бөлімі, Глазго Университеті, Глазго, Ұлы Британия, ҚР ДСМ Қоғамдық денсаулық сақтау Ұлттық орталығы. «Мектеп жасындағы балалардың денсаулығына қатысты мінез-құлқын зерттеу» бойынша қазақ және орыс тілдеріндегі сауалнама (Health Behavior in School-aged Children, Хаттама 2017-2018жылдар) 1482 оқушы
<b>Үшінші кезең</b>		
Балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын бағалауда медициналық құжаттамасына негізделген аурушаңдығына зерделеу жүргізу	Ақпараттық-аналитикалық Статистикалық	«Денсаулық сақтау субъектілерінің есеп беру құжаттамаларының нысандарын бекіту туралы» бұйрығы (№907 23.11.2010):

1 – кестенің жалғасы

1	2	3
		№012/е нысан - «Қызмет көрсететін медицина ұйымының ауданында тұратын науқастардан және диспансерлік есепте тұрған науқастардан тіркелген аурулар саны туралы есеп» және №026/е-3 нысан - «Бала денсаулығы паспорты»
Балалар мен жасөспірімдердің аурушаңдығы мен атмосфералық ауаның	Аналитикалық Статистикалық	Қазақстан Республикасы қоршаған ортаның жағдайы туралы ақпараттық бюллетеньдер (2012-2021 жылдар)

ластану индексі арасындағы байланыс дәрежесіне баға беру		
Төртінші кезең		
Балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын сақтау мен нығайту бойынша іс-шаралар әзірлеу Мектеп құрудың тиімділігін сынақтан өткізу (апробациялау) және бағалау Мектептерде енгізу	Әлеуметтік Аналитикалық Мазмұнды талдау элементтері Статистикалық Сипаттамалық  Ақпараттық	Іс-қимыл жоспарын әзірлеу  Сауалнама; Оқыту бағдарламасы; Сұхбат алу.  Әдістемелік нұсқаулар; Ендіру актілері.

**Зерттеу объектілері.** Батыс Қазақстанның Ақтау, Ақтөбе, Атырау және Орал қалалары; мемлекеттік жалпы білім беретін мектептер – 5,7,9 сыныптар; 11,13,15 жастағы балалар мен жасөспірімдер.

**Зерттеу дизайны.** Комплексі аралас дизайн. Балалар мен жасөспірімдердің денсаулығы мен әл-ауқатына медициналық емес детерминанттардың әсерін анықтау бойынша бір реттік-көлденең зерттеу дизайны (survey) сауалнамасы сұрақтарымен қоса; медициналық құжаттандыруды зерделеуге негізделген 2012-2021 жылдар аралығындағы 10 жыл ішіндегі ретроспектива бойынша аурушандықты зерттеу және атмосфералық ауаның ластануының (Atmospheric pollution index - API) корреляциялық - регрессиялық талдаумен айқындалатын аурушандық көрсеткіштеріне әсерінің динамикалық сипаттамасы. Проспективті дизайн пилоттық зерттеуге негізделген, (survey) сауалнама сұрақтарымен қоса балалар мен жасөспірімдер арасында тамақтану саласындағы денсаулық туралы сауаттылықтарын арттыру бойынша денсаулықты нығайтуға ықпал ететін Мектеп құру бойынша іс-шаралар әзірлеу, сынақтан өткізу (апробациялау) және тиімділігін бағалау және енгізу.

## 2.2 Зерттеу материалдары мен әдістері

Диссертациялық жұмыс Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымының (ДДСҰ) әдіснамасы бойынша – Батыс Қазақстанның Ақтау, Ақтөбе, Атырау және Орал қалалары бойынша 11,13,15 жастағы мектеп жасындағы балалар мен жасөспірімдердің денсаулығы мен әл-ауқатына әсер ететін медициналық емес детерминанттарды анықтау, денсаулықтарын бағалауда аурушандық динамикасына баға беріліп, атмосфералық ауаның ластану индексі көрсеткіштерінің арасындағы байланыс дәрежесін анықтау, балалар мен жасөспірімдердің денсаулықтарын сақтау мен нығайтуға бағытталған алдын алу іс-шараларын ұсыну, ғылыми зерттеу жұмысын енгізу туралы ғылыми зерттеу жұмысын жүргізу өте өзекті маңыз болып табылды.

Зерттеу жұмысының алғашқы кезеңінде медициналық емес детерминанттардың балалар мен жасөспірімдердің денсаулығы мен әл-ауқатына

әсерін анықтау мәселелері бойынша әлемдік және отандық әдеби зерттеулерді PubMed, Elsevier, Scopus және т. б. медициналық дерекқорлардағы әдеби көздер бойынша іздеу жүргізілді. Әдеби дереккөздерді талдау үшін кілт сөздер таңдалды: денсаулық, медициналық емес детерминант, ауаның ластану индексі, балалар денсаулығы. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі 140, оның ішінде 36 отандық, 39 ресейлік және 65 шетелдік авторлардың ғылыми мақалаларын құрайды. Қосымшалар диссертацияның соңында тіркелген.

Зерттеу жұмысы барысында 11,13,15 жас аралығындағы мектеп жасындағы балалардың денсаулығына қатысты сауалдарға әлемнің 51 елінде қолданылатын ДДСҰ ұсынған Health Behaviour in School-aged Children (HBSC) сауалнамасы арқылы жүргізілді. Бұл сауалнаманың негізгі мақсаты – жас ұрпақтың денсаулығы мен әл-ауқаты туралы толық түсінік алу, денсаулықтың әлеуметтік детерминанттарын анықтау, жасөспірімдердің өмір сүру сапасын жақсарту мақсатында мінез-құлық пен өмір сүру салтын түзету үшін ақпарат беру. HBSC әдіснамасы – бұл Халықаралық зерттеу желісімен жасалған стандартты зерттеу құралы. Сонымен қатар, кейбір мәселелер бойынша деректерді жинауға арналған сауалнамаға қосымша мынадай сұрақтар кіреді мысалы, зиянды әдеттер, соның ішінде, ерте жыныстық қарым қатынас туралы, есірткі қолдану секілді. Ал, кейбір елдер (мысалы, АҚШ, Түркия) сауалнамадан бұндай "сезімтал" сұрақтарға қатысты тармақтарды алып тастаған. Біздің де зерттеуімізде мектеп әкімшілігі мен оқушылардың ата-аналары сауалнаманың жыныстық мінез-құлық пен нашақорлыққа қатысты сұрақтарына қарсылық білдіргендіктен, мұндай сұрақтарды сауалнамадан алып тастауға тура келді.

Қазақстан Республикасы осы жобаны іске асыратын қатысушы елдердің қатарына кіреді. Қазақстан бойынша Бас реттеушісі Қоғамдық денсаулық сақтау Ұлттық орталығы болып табылады. Сондықтан, зерттеуімізді жүргізуде «Health Behavior in school-aged Children» (HBSC, 2017-2018жылдар хаттама, қазақ және орыс тілдерінде) сауалнамасын қолдану үшін Қоғамдық денсаулық сақтау Ұлттық орталығынан келісім хаты алынып рұқсатымен жүргізілді (<http://www.hbsc.org/membership/countries/kazakhstan.html>). HBSC сауалнамасы қазақ тілінде валидизацияланған нұсқасының үлгісі қосымшада ұсынылған (қосымша Б).

Зерттеу барысында, «Методология проведения Национального мониторинга поведения школьников, связанного со здоровьем и качеством жизни. Баттакова Ж.Е., Мукашева С.Б., Слажнева Т.И., Абдрахманова Ш.З., Адаева А.А., Акимбаева А.А., 2018» [124], «Руководство к созданию системы эпидемиологического мониторинга распространенности поведенческих факторов и образа жизни детей школьного возраста» монография. Баттакова Ж.Е., Бекмухамбетов Е.Ж., Слажнёва Т.И., Мамырбаев А.А., Мукашева С.Б., Акимбаева А.А., Абдрахманова Ш.З., Адаева А.А., 2016» [125], «Руководство по мониторингу и оценке школьных программ по охране здоровья, ВОЗ (FRESH), 2014» [126], «Методология формирования выборочной совокупности и проведения полевых исследовательских работ по изучению распространенности

поведенческих факторов риска среди школьников, Баттакова Ж.Е., Слажнёва Т.И., Мукашева С.Б., Адаева А.А., Абдрахманова Ш.З, 2016» [127] әдістемелік нұсқаулары қолданылды.

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған "Денсаулық" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде 5.1 "Халық денсаулығын қорғаудың негізі ретінде қоғамдық денсаулық сақтауды дамыту" бағыты бөлігінде инфекциялық және негізгі әлеуметтік мәні бар инфекциялық емес ауруларды, оның ішінде психикалық денсаулық бұзылулары мен жарақаттануды бақылауды қамтитын санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау мен мониторинг [128] қолданылды.

Зерттеу Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетінің Биозтика бойынша жергілікті (локальді) комиссия мақұлдауымен жүргізілді (№24 хаттама, 28.10.2022ж.).

Зерттеуге қатысқан қажетті балалар мен жасөспірімдердің мақсатты жас топтарындағы сандық құрамы ҚР Статистика агенттігінің халық санағы бойынша деректер Батыс Қазақстан қалаларының Статистика басқармаларынан алынды (<https://bala.stat.gov.kz/chislennost-detej-po-polu-i-vozzrastu/>).

Зерттеудің сенімділігіне қол жеткізу үшін әр қаладағы іріктеу көлемі орташа есеппен 370 оқушыны құрады (сенімділік ықтималдығы ("дәлдік") 95% және сенімділік аралығы (орталық тенденцияның әр жағында "қателік"  $\pm 2,5\%$ ). «Поперечные исследования: планирование, размер выборки, анализ данных. Холматова К.К., Горбатова М.А., Харьковская О.А., Гржибовский А.М., 2016» [129]. Қолданылған формула тек зерттелетін белгінің таралуын анықтау үшін және статистикалық гипотезаларды тексеру жағдайында үлгіні есептеу үшін жарамсыз екенін түсіндіру қажет. Яғни, population-based әдісі мұнда қолданылмады және сәйкесінше статистикалық калькуляторлар қолданылмады.

Зерттеу үшін мектеп үлгісін қалыптастырудың кластерлік әдісі қолданылды, мұнда мектеп кластер немесе негізгі үлгі бірлігі болып табылады.

Зерттеуге барлығы 1482 оқушы қатысты (кесте 2).


Зерттеуде кездейсоқ таңдама арқылы әр қаладан мектептер іріктеліп алынды. Ақтау, Ақтөбе, Атырау және Орал қалаларындағы мектептер санын талдау мынадай критерийлер бойынша алынды: орналасқан жері, меншік нысаны, толықтығы және т.б. зерттелетін мектептерді іріктеу жолымен жүргізілді; әрбір қалада эпидемиологиялық қадағалау жүйесіне енгізілген (мектепке қойылатын талаптар - мемлекеттік, медицина қызметкерлерінің және асхананың болуы) 4,5 мектеп таңдалды.

Кесте 2 - Таңдама көлемі

Көрсеткіштер	Ақтау	Ақтөбе	Атырау	Орал
11,13,15 жастағы балалар саны (2018)	8116	17934	9470	9897
Сенімділік ықтималдылығы "дәлдік", %	95%			
"Қате" сенімділік аралығы, %	Орталық тенденцияның әр қайсысына $\pm 2,5\%$			
Таңдама көлемі, n	n = 367	n = 376	n = 369	n = 370

Ер балалар	n=182/ 50%	n=230/ 61%	n=176/ 48%	n=155/ 42%
Қыз балалар	n=185/ 50%	n=146/ 39%	n=193/ 52%	n=215/ 58%

Зерттеуге қатысқан балалар мен жасөспірімдердің жасы бойынша: 11 жас – 33,2% (492), 13 жас – 33,4% (495), 15 жас – 33,4% (495) құрады. Жынысы бойынша: Ақтау: ер балалар – 50%, қыз балалар – 50%; Ақтөбе: ер балалар – 61%, қыз балалар – 39%; Атырау: ер балалар – 48%, қыз балалар – 52%; Орал: ер балалар – 42%, қыз балалар – 58% (сурет 1).



Сурет 1 - Сауалнамаға жасы мен жынысы бойынша қатысқан балалар мен жасөспірімдердің саны (%)

Зерттеу барысында Батыс Қазақстанның Ақтау, Ақтөбе, Атырау және Орал қалалары бойынша 11,13 және 15 жастағы балалар мен жасөспірімдер арасындағы аурушандық көрсеткіштеріне талдау жүргізілді.

Зерттеу Батыс Қазақстанның Ақтау, Ақтөбе, Атырау және Орал қалаларының емханалары базасында 11,13,15 жастағы балалар мен жасөспірімдердің аурушандығы туралы көрсеткіштеріне талдау негізгі құжат - медициналық карталарына - №026/у-3 нысан және №012/е нысан - «Қызмет көрсететін медицина ұйымының ауданында тұратын науқастардан және диспансерлік есепте тұрған науқастардан тіркелген аурулар саны туралы есеп» ХАЖ-10 (МКБ-10) жиі тіркелген басты аурушандықтардың 6 классы бойынша (тыныс алу жүйесі аурулары, ас қорыту жүйесі аурулары, жүйке жүйесі аурулары, көз аурулары, қан жүйесі аурулары және эндокриндік аурулар) зерделеу жүргізілді. Бұл ретте, Батыс Қазақстан қалаларының балалары мен жасөспірімдерінде (100000 тұрғынға шаққанда) 10 жылдық кезеңде (2012-2021 жылдар) аурушандыққа талдау жүргізілді.


Келесі зерттеу кезеңінде 2012-2021 жылдардағы Ақтау, Ақтөбе, Атырау және Орал қалаларының атмосфералық ауаның ластану индексіне (АПИ) баға берілді. Экологиялық мониторинг бойынша материалдар облыс орталықтарының Экология департаментінен алынды. Кешенді көрсеткіш - зерттеу кезеңі аралығындағы атмосфералық ауаның ластану индексінің аурушандықпен байланыс дәрежесін анықтау бойынша зерделеу жүргізілді.

Балалар және жасөспірімдер аурушандығы мен АРІ арасындағы корреляциялық және регрессиялық талдау А.М. Гржибовскийдің мақаласындағы әдістеме бойынша жүргізілді: «Корреляционный анализ с использованием пакета статистических программ STATA, 2014» [130].

Регрессиялық талдау зерттеу қалаларының балалары мен жасөспірімдері аурушандық деңгейінің атмосфералық ауаның ластану индексіне статистикалық маңызды тәуелділігін анықтауға мүмкіндік берді. Сызықтық регрессиялық талдау белгінің бір немесе бірнеше сандық немесе сапалық белгілерге тәуелділігін зерттейді, тәуелді айнымалы тәуелсіз айнымалының бір бірлікке өзгеруіне қанша өсетінін анықтайды. Ең жақсы регрессиялық модель - бұл тәуелді шаманың мәнін дәлірек, толық (статистикалық мағынада) бағалайтын және болжайтын тәуелсіз белгілердің тіркесімі табылған модель. Талдау барысында біз тәуелді айнымалылар мен тәуелсіз айнымалылар арасындағы байланыстың жоқтығы туралы нөлдік гипотезаны тексердік. Нөлдік гипотезаны қабылдамаймыз және берілген мән деңгейіне сәйкес келетін немесе одан асатын регрессия коэффициенттерінің мәндерін алған жағдайда айнымалылар байланысының болуы туралы балама гипотезаны қабылдаймыз ( $p < 0,05$ ). Құрастырылған модельдің сапасын бағалау детерминация коэффициенті бойынша бағаланды (тәуелді белгінің дисперсиясының тәуелсіз дисперсиямен түсіндірілетін бөлігі), жуықтаудың орташа қателігі бойынша (8-10% дейін). «Статистический анализ медицинских данных. Применение пакета прикладных программ STATISTICA. Реброва О.Ю., 2006» [131].


Зерттеу жұмысының соңғы кезеңінде зерттеу міндеттеріне сәйкес, балалар мен жасөспірімдердің денсаулығы туралы сауаттылықты арттыру бойынша іс-шаралар әзірленді. Қойылған міндетті іске асыру үшін, біз Ақтөбе қаласындағы №72 жалпы білім беретін мектеп үлгісінде білім алушылар арасында денсаулық туралы сауаттылықты арттыру бойынша Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін Мектептің тиімділігін енгізу үрдісін әзірледік. Жалпы білім беретін мектеп мысалында білім алушылар арасында денсаулық туралы сауаттылықты арттыру бойынша Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін Мектеп қызметінің тиімділігін енгізу және іске асыру процесі ұсынылған (сурет 2).

Денсаулық және тамақтану сауаттылығын арттыру бойынша ұйымдастыру мәселелері, жұмысты жоспарлау және зерттеудің соңғы нәтижелерін бағалау мәселелері бойынша «Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін Мектепке қалай айналуға болады: бес қадам», салауатты тамақтану және физикалық белсенділік бойынша мектеп стратегиясын және денсаулықты нығайтуға көмектесетін голландиялық орта мектеп нұсқаулығын әзірлеу бойынша «Gezonde School Middelbaar Beroepsonderwijs. Vox P.O., 2013»; «Schools for Health in Europe (Еуропадағы денсаулықты нығайтуға ықпал ететін Мектептер). Bartelink N., Bessems K, 2013», әдістемелік нұсқаулар қолданылды [132,133].



Мектеп директорынан оқушылардың денсаулық туралы сауаттылығын арттыру бойынша Комитет құру туралы келісімін алу





Сурет 2 - Балалар мен жасөспірімдер денсаулығын нығайтуға және тағамтану саласы бойынша сауаттылығын арттыруға ықпал ететін Мектеп (енгізу процесі)

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндетін іске асыру мақсатында мектеп директорынан келісім алынып, №72 жалпы білім беретін мектепте оқушылары арасында денсаулық туралы сауаттылықтарына білім беріп, әрі қарай арттыру бойынша Комитетін құру мәселесі бастамашылық етілді. (1.Директордың мектепшілік Комитет құру туралы бұйрығы. Хаттама №1 1-П-20. 21.11.2019ж.); 2.Комитет ережелерін күшіне енгізу туралы мектеп ұжымы кеңесінің хаттамасы. Хаттама №11-П-28. 24.11.2019ж.); 3.Комитет мүшелері арасында "Медициналық-санитарлық сауаттылық" тақырыбы бойынша оқыту сабағын өткізу туралы мектеп ұжымы кеңесінің хаттамасы. Хаттама №11-П-33. 30.11.2019ж.). Ата-аналар тарапынан ақпараттық келісім алынды (Қосымша Б): 11 және 13 жастағы балалардың ата-аналары ақпараттық келісімге қол қоя отырып, өздерінің қатысуымен алынды, ал 15 жастағы жасөспірімдер ата-аналары қарсы еместігі туралы қол қойып ақпараттық келісім берді. Комитет құрамына 12 адам кірді: 1 тәрбие жұмысы бойынша оқу меңгерушісі, 5 мұғалім, 1 мектеп медбикесі, 2 7-сынып оқушысы және 3 ата-ана. Комитеттің мақсаттары мен міндеттерін іске асыру үшін бастапқы кезеңде Комитет мүшелерінің денсаулығын өзін-өзі бағалау бойынша білімдерін бағалау жүргізілді; 5,7,9 - сыныптар оқушылары үшін іс-қимыл жоспары әзірленді. Оқушылар өздерін қызықтыратын басым тақырыптарды өздері таңдады. Тамақтану мәселелері бойынша таңдалған тақырыпқа сәйкес, оқушылар арасында дұрыс тамақтану бойынша сауаттылықты арттыру бағдарламасы әзірленді және сынақтан (апробациядан) өтті, сондай-ақ, қорытынды білім деңгейлерін бағалау үшін

сауалнама және сұхбаттасу арқылы тиімділігі дәлелденді. Маңыздысы, мектеп оқушыларына сауалнама жүргізу үшін 15 сұрақтан тұратын жеке өзіндік дайындалған сауалнама қолданылды, оған HBSC халықаралық тексерілген сауалнамасынан белгілі бір сұрақтар енгізілді, сондықтан жеке дайындалған сауалнаманы фокус-топтарда тексеру жүргізілмеді, альфа Кронбах анықтамадық. Оқушылардың қорытынды білім деңгейлерін бағалауға 15 сұрақтан тұратын сауалнама, Комитет мүшелеріне арналған сұрақтар, оқушылардың қызықтырған тақырыптарын таңдау сұрақтары, сұхбат алу сұрақтары, өзіндік нұсқа үлгілері қосымшаларда ұсынылған (қосымшалар В,Г,Ғ,Д,Е). Ғылыми зерттеу жұмысын ендіру актілері және авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы куәлік алынды (қосымшалар Ж,И).

### **2.3 Зерттеу нәтижелерін статистикалық өңдеу**

Статистикалық мәліметтерді өңдеу Statistica 10 және SPSS Modeler.v.25 бағдарламалары пакетін қолдану арқылы жүргізілді. Жұптастырылған айнымалылардың қалыпты таралуы кезіндегі үлгілер арасындағы айырмашылықтарды бағалау тәуелсіз деректерді талдау жағдайында Стьюденттің t-критерийін және ANOVA көмегімен жүргізілді; қалыпты үлестіру болмаған кезде және жұптастырылған тәуелсіз популяциялар жағдайында – Манна - Уитни U-критерийін қолдана отырып; бірнеше тәуелсіз популяциялар жағдайында Краскел-Уоллистің дәрежелік дисперсиялық талдаулары, жұптасқан тәуелді үлгілер жағдайында Вилкоксон мен Макнемар сынақтары қолданылды.  $M+SD$  түрінде ұсынылған сандық көрсеткіштердің орташа арифметикалық мәні қолданылды, мұндағы  $M$ -орташа арифметикалық,  $SD$ -стандартты ауытқу. Қалыптыдан өзгеше көрсеткіштерді бөлу кезінде төменгі және жоғарғы квартильдермен ( $Q1$  және  $Q3$ ) медианалар ( $X_B$ ) алынды. Сапалық көрсеткіштер үлес (пайыз) және сенімділік интервалдары ( $CI$ ) түрінде ұсынылған. Статистикалық талдаудың барлық процедураларында сенімділік деңгейі  $p < 0,05$  болып саналды. Статистикалық тесттер мен бағдарламалардың жиынтығы, тапсырмалар мен қолдануға арналған көрсеткіштерді көрсете отырып, 3-кестеде көрсетілген. Сауалнамалық деректердің (HBSC) нәтижелерін статистикалық өңдеу MS Excel-2007 статистикалық пакетінің көмегімен SPSS 25.0 бағдарламасы бойынша  $X^2$  критерийімен жүргізілді; аурушандықтарды экологиялық факторлармен өзара байланысын бағалаудың сандық-сапалық көрсеткіштеріне Пирсонның корреляциялық және регрессиялық талдаулары жасалды. Аурушандықты графикалық бағалаудың толықтығы үшін "BoxPlot" тәсілі қолданылды - сипаттамалық статистикада ықтималдықтардың бір өлшемді эмпирикалық таралуын бейнелеу үшін қолданылатын график. Біздің зерттеулерімізде медиананың төменгі және жоғарғы квартильдердің таңдамалы мәндері, аурушандыққа қатысты таңдамалы деректердің минималды және максималды мәні көрсетілген: «Андреа К., Шевляков Г. Обнаружение выбросов с помощью боксплотов, основанных на новых высокоэффективных робастных

оценках масштаба, 2013» [134]. Атмосфералық ауаның ластануы мен аурушандық көрсеткіштерін егжей-тегжейлі бағалау үшін біз екі айнымалының мәндерін декарттық жазықтықтағы нүктелер түрінде бейнелейтін “Шашырау” және "Scatter plot" диаграммалары қолданылды: «Благовещенский Ю. Тайны корреляционных связей в статистике, 2009» [135].

Кесте 3 - Зерттеуде қолданылған статистикалық талдау әдістері

Зерттеу міндеттері	Статистикалық әдістерді қолдануға көрсеткіштер	Статистикалық тесстер/әдістер	Бағдарламалар
1	2	3	4
1. Балалар мен жасөспірімдердің денсаулығы мен әл-ауқатына медициналық емес детерминанттардың әсерін анықтау	Белгілі бір санаттар бойынша деректердің таралуын талдау және үш немесе одан да көп тәуелсіз топтардағы белгілердің медианалық мәндерінің айырмашылықтарын тексеру	Екі жақты үлгіні есептеу үшін Z-test;  Краскел-Уоллистің дәрежелік дисперсиялық талдауы	Statistica.10 (Dell software, USA); SPSS Modeler.v.25
2. Балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын бағалауда медициналық құжаттамасына негізделген аурушандығына зерделеу жүргізу	Ранжирленген (ординалды) және сандық белгілердің өзара байланысын талдау: аурушандық көрсеткіштер (статистикалық басқарма деректері, мониторингтік 2012-2021 жылдар деректері)	Спирменнің рангілік корреляциясы	Statistica.10 (Dell software, USA) Excel
	Үш немесе одан да көп тәуелсіз топтардағы белгілердің орташа мәндерінің айырмашылықтарын тексеру	Тьюкидің сенімді айырмашылығының критерийі; Стьюденттің бірнеше салыстыру t-критерийі	

3 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
	Аурушандық тренді және аурушандықтар классы бойынша орташа жылдық темпі	Сызықтық регрессиялық талдау (ең кіші квадраттар әдісі)	
3. Балалар мен жасөспірімдердің аурушандығы мен атмосфералық ауаның ластану индексі арасындағы	Ауаның ластануы мен балалар мен жасөспірімдердің аурушандығы арасындағы байланысты анықтауға арналған корреляциялық талдау	Спирменнің рангілік корреляциясы	Statistica.10 (Dell software, USA); SPSS Modeler.v.25; Excel

байланыс дәрежесіне баға беру	Тәуелсіз жиынтықтардың орташа мәндерінің айырмашылықтарын тексеру	Краскел-Уоллистің дәрежелік дисперсиялық талдауы Тьюкидің сенімді айырмашылығының критерийі	
	Тәуелсіз топтардағы белгілердің таралуын анықтау және байланыстарды анықтау үшін сапалы айнымалыларды талдау	Пирсонның $\chi^2$ байланыс (сопряженность) кестелерін талдау	
	Сандық белгінің бір немесе бірнеше сандық немесе сапалық белгілерге тәуелділігі	Сызықтық регрессиялық талдау модельдердің құрылысымен	

### 3 ЗЕРТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОНЫ ТАЛҚЫЛАУ

#### 3.1 Балалар мен жасөспірімдердің денсаулығы мен әл-ауқатына медициналық емес детерминанттардың әсерін анықтау

HBSC – халықаралық негізгі көрсеткіштерді жүйелі мониторингілеу және қадағалау стандарты негізінде мектеп жасындағы 11,13,15 жастағы балалар мен жасөспірімдер денсаулығына қатысты зерттеу болып табылады.

HBSC Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымының әдіснамасы бойынша зерттеу келесі медициналық емес детерминанттар сұрақтарын қамтиды: - Әлеуметтік контекст: ата-аналармен, достарымен және сыныптастармен қарым-қатынасы, мектептегі оқу, отбасылық әл-ауқат; - Денсаулық сақтау көрсеткіштері: оқушылардың өз денсаулығын бағалауы, өз денесі туралы ойы, өмірге қанағаттанушылығы, денсаулыққа, жарақаттарға шағымы; - Денсаулыққа ықпал ететін мінез-құлық: тамақтану тәртібі және диета, ауыз қуысының гигиенасы, физикалық белсенділік, қозғалысты/аз қозғалысты өмір салты; - Денсаулыққа қауіп төндіруі мүмкін әрекеттер: темекі шегу, алкоголь тұтыну, есірткі қолдану, жыныстық қатынас тәрбиесі, одан сақтану тәсілдері, төбелеске қатысу. HBSC 2017-2018 жылдар хаттамасы бойынша: - Достары мен ата-аналар тарапынан қолдау; - Көші-қон, жаңа сұрақтары енгізілді.

HBSC жастардың денсаулығын олардың әлеуметтік контекстінде – үйде, мектепте, отбасымен және достарымен түсінісуге, яғни осы факторлардың жасөспірім кезіндегі жастардың денсаулығына жеке және жалпы қалай әсер ететінін түсінуді жақсартуға бағытталған. Жасөспірімдік шақ-бұл физикалық, эмоционалдық, когнитивті және әлеуметтік дамудың жылдам жүретін өмірлік жолындағы маңызды өтпелі кезең. 11,13,15 жас - бұл жылдар автономияның жоғарылау кезеңін білдіреді, оның барысында денсаулыққа байланысты мінез-құлық дамиды және тәуелсіз шешім қабылдау олардың қазіргі және болашақ денсаулығына әсер етуі мүмкін. Осы өтпелі кезеңде қалыптасқан мінез-құлық ересек өмірде де сақталуы мүмкін, бұл психикалық денсаулық, заттарды қолдану, физикалық белсенділік деңгейі мен диета және денсаулыққа ұзақ мерзімді әсер ету сияқты мәселелерді қозғайды. Алкогольдің немесе темекінің әсері, физикалық белсенділіктің болмауы, қорғалмаған жыныстық қатынас немесе зорлық-зомбылық қазіргі уақытта жасөспірімдердің денсаулығы мен әл-ауқатына ғана емес, сонымен бірге олардың болашақ денсаулығына да қауіп төндіреді.

Осылайша, жастық шақ жастардың салауатты өсуі мен дамуын қолдау, ересек өмірде болашақ денсаулық пен әл-ауқатқа ықпал ету және осылайша келесі ұрпақтың денсаулығын қамтамасыз ету үшін алдын алу және араласу үшін маңызды мүмкіндік береді. Жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша тамақтану тәртібі, мінез-құлық факторлары, дене салмағы, зиянды әдеттерге қатысты сұрақтар ең маңызды екендігін көрсетті, соған орай, диссертациялық жұмыста осы мәселелерді ғана келтіріп отырмыз. Соған орай, анықталған балалар мен жасөспірімдер арасында тамақтану сауаттылығын арттыру Мектебі

өзірленіп, әдістемелік нұсқаулар дайындалып, мектептерде енгізілді.

HSBC сауалнамасы бойынша мектептер бойынша жүргізілген сауалнамаға барлығы 1482 оқушы қатысты, қалалар, жас және жыныс бойынша "Материалдар мен әдістер" тарауында ұсынылған (кесте 1).


### 3.1.1 Тамақтану тәртібі

Балалар мен жасөспірімдер арасында жүргізілген сауалнамада берілген сұрақтар көмегімен таңғы ас ішу және жеміс-жидек пен көкөністерді тұтыну жиілігі қарастырылды.

Сұрақтар осылай қойылды (қосымша В, 11 және 12 сұрақтар):

- жұмыс күндері таңғы асты ас ішу жиілігі?
- демалыс күндері таңғы ас ішу жиілігі?
- жемістер мен көкөністерді тұтыну жиілігі?

Келесі нәтижелер алынды: Жұмыс күндері таңғы ас ішу жиілігі жынысы бойынша ер балалар мен қыз балалар арасында айырмашылық болған жоқ ( $p=0,986$ ). Ер балалардың 6,5% және қыз балалардың 6,0% жұмыс күндері ешқашан таңғы асты ішпеймін деп жауап берсе, ал бес күн бойы таңғы асты ішу жиілігі 27,6% ер балалар құраса, қыз балалар 27,1% құрады (сурет 3).




Сурет 3 - Жұмыс күндері таңғы ас ішу жиілігі, жынысы бойынша

Демалыс күндері, әдетте, сенбіде де, жексенбі де таңғы ас ішемін деген сұраққа ер балалар 60,2%, ал қыз балалар 51,3% құрады. Әдетте, демалыс күндерінің бірінде таңғы ас ішемін (сенбі немесе жексенбі) сұрағына ер балалар 24,9%, қыз балалар 32,2% құрады; Демалыс күндері ешқашан таңғы ас ішпеймін - ер балалар 14,9%, ал қыз балалар 16,5%. Бұл сұрақта балалар мен жасөспірімдердің жынысы бойынша ер балалар мен қыз балалар арасында айырмашылық бар екендігі анықталды ( $p=0,000$ ) (сурет 4).



Сурет 4 - Демалыс күндері таңғы ас ішу жиілігі, жынысы бойынша

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, жасы өскен сайын күнделікті таңғы ас ішпейтін балалар саны артқан. Мәселен, 15 жастағылар жұмыс күндері 11,3% оқушы таңғы ас ішпейді, ал 11 жастағыларда осы көрсеткіш іс жүзінде 8,8% құрайды. Балалардың жасы бойынша оқу күндері таңғы ас ішу жиілігі бойынша ер балалар мен қыз балалар арасында айырмашылық жоқ екендігін көрсетті ( $p=0,999$ ) (сурет 5).




Сурет 5 - Жұмыс күндері таңғы ас ішу жиілігі, жасы бойынша

Демалыс күндері, әдетте, сенбіде де, жексенбіде де таңғы ас ішемін деген сұраққа 11 жастағы балалар 54,0%, ал 15 жастағы жасөспірімдер 51,1% құрады. Екі демалыс күндерінің біреуінде ғана таңертең таңғы ас ішетін балалар саны аз. Ал демалыс күндері ешқашан таңғы ас ішпейтін балалар саны одан да аз. Демалыс күндері таңғы ас ішу жиілігі бойынша деректерді талдау, ер балалар мен қыз балалар арасындағы айырмашылықтар статистикалық маңызды болмады ( $p=0,994$ ) (сурет 6).



Сурет 6 - Демалыс күндері таңғы ас ішу жиілігі, жасы бойынша


Жұмыс күндері Орал қаласының балалары төрт және бес күн бойына таңғы ас ішеді (26,0%), содан кейін Ақтөбе қаласының балалары (23,9%), бұдан әрі - Атырау (22,9%) және Ақтау (20,2%) құрады.  $\chi^2$  әдісімен статистикалық деректер қалалар арасындағы айырмашылықтың бар екендігін көрсетті ( $p=0,002$ ) (сурет 7).



Сурет 7 - Жұмыс күндері таңғы ас ішу жиілігі, қала бойынша


Ақтау, Ақтөбе, Атырау мен Орал қалалары бойынша демалыс күндерінде таңғы ас ішу жиілігін талдау, зерттелген қалалардағы барлық балалардың сенбі күні де, сондай-ақ жексенбі күні де таңертең тамақтанатынын көрсетті. Сонымен қатар, Орал қаласы балаларының қалған қалалардың балаларымен салыстырғанда көрсеткіштері жоғары болды. Демалыс күндері бойынша таңғы ас ішу жиілігін талдау қалалар бойынша қатты байланысты көрсетті ( $p=0,000$ ) (сурет 8).





Сурет 8 - Демалыс күндері таңғы ас ішу жиілігі, қала бойынша


Көкөністер мен жеміс-жидектерді тұтыну денсаулыққа толық дәрумендер толықтырып, бала кезінде денсаулықты дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар, қалыптасқан тамақтану әдеті жалғасын табады. Көкөністер мен жеміс-жидектерді тұтыну көрсеткіші респонденттердің көпшілігі аптасына 2-4 рет жиілікті көрсетті (ер балалар 25,3% және қыз балалар 22,2%). Ер балаларда таңғы асты тұрақты түрде қабылдау мен жеміс-жидектерді тұтыну жиілігі арасындағы байланыс жасына сәйкес статистикалық маңызды көрсеткішті көрсетті ( $p=0,481$ ) (сурет 9).



Сурет 9 - Жемістер мен көкөністерді тұтыну жиілігі, жынысы бойынша


Сонымен қатар, жасына байланысты көкөністер мен жеміс-жидектерді тұтыну жиілігі де азайған. 11 жастағылар арасында аптасына 2-4 күн көкөністер мен жеміс-жидектерді тұтынған болса 22,8%, ал 15 жастағылар осы көрсеткіш 29,3% көрсетті. Сондай-ақ көкөністер мен жеміс-жидектерді тұтыну әртүрлі жастағы балалар арасында қандай да болмасын айқын айырмашылық жоқ екенін көрсетті («ешқашан»), «аптасына бір реттен сирек», «аптасына бір рет»,

«аптасына 2-4 күн», «аптасына 5-6 күн», «күн сайын күніне бір рет», «күн сайын, күніне бір реттен жиі»). Көкөністер мен жеміс-жидектерді тұтыну жиілігін талдау балалардың жастары бойынша байланыстың жоқ екендігін көрсетті ( $p=0,998$ ) (сурет 10).



Сурет 10 - Жемістер мен көкөністерді тұтыну жиілігі, жасы бойынша

Қалалар бойынша көкөністер мен жеміс-жидектерді тұтыну жиілігі бойынша Орал қаласының балалары мен жасөспірімдері көкөністер мен жеміс-жидектерді ұтымдырақ тұтынатындығы (аптасына 2-4 рет) (31,9%), келесі Ақтөбе қаласы (23,9%), бұдан әрі Ақтау қаласы (21,5%) мен Атырау қаласы (17,6%) екендігі анықталды. Қалалар бойынша көкөністер мен жеміс-жидектерді тұтыну жиілігін бір-бірімен салыстырғанда қатты байланыстың бар екендігін көрсетті ( $p=0,000$ ) (сурет 11).




Сурет 11 - Жемістер мен көкөністерді тұтыну жиілігі, қала бойынша

Біздің зерттеулеріміздің нәтижелері, Батыс Қазақстан қалалары бойынша

зерттелген балалар мен жасөспірімдер арасында таңғы ас ішу жиілігінің ұтымдылығы жеткіліксіз екендігін көрсетті. Өкінішке орай, таңғы ас ішу жиілігі балалар мен жасөспірімдерде үлкен сәйкессіздік бар екендігін көрсетті. Балалар мен жасөспірімдер таңғы асты сирек қабылдайды, бұл ретте жоғары динамика Орал қаласының балалары арасында байқалады. Сонымен қатар, Ақтау және Атырау қалаларының балалары мен жасөспірімдерінде ең төмен көрсеткіштер анықталды. Демалыс күндері, жұмыс күндеріне қарағанда таңғы ас қабылдау жағдайы жиі, ал сенбі күні таңғы ас ішетін балаларда саны апта ішіндегі басқа күндермен салыстырғанда 2-3 есе жоғары. Ал балалар мен жасөспірімдер арасында көкөністер мен жеміс-жидектерді тұтыну жиілігі төмен екендігі байқалды. Бұл ретте ер балалар мен қыз балаларды салыстырғанда, қыз балалар тұрақты таңғы ас ішетіндігі анықталды.

### 3.1.2 Дене салмағы, бойы және өз-өзін бағалау


Көкөністер мен жеміс-жидектерді тұтыну денсаулыққа толық дәрумендер толықтырып, бала кезінде денсаулықты дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар, қалыптасқан тамақтану әдеті жалғасын табады. Көкөністер мен жеміс-жидектерді тұтыну көрсеткіші респонденттердің көпшілігі аптасына 2-4 рет жиілікті көрсетті (ер балалар 25,3% және қыз балалар 22,2%). Ер балаларда таңғы асты тұрақты түрде қабылдау мен жеміс-жидектерді тұтыну жиілігі арасындағы байланыс жасына сәйкес статистикалық маңызды көрсеткішті көрсетті ( $p=0,481$ ) (сурет 12).



Сурет 12 - Жемістер мен көкөністерді тұтыну жиілігі, жынысы бойынша


Сонымен қатар, жасына байланысты көкөністер мен жеміс-жидектерді тұтыну жиілігі де азайған. 11 жастағылар арасында аптасына 2-4 күн көкөністер мен жеміс-жидектерді тұтынған болса 22,8%, ал 15 жастағылар осы көрсеткіш 29,3% көрсетті. Сондай-ақ көкөністер мен жеміс-жидектерді тұтыну әртүрлі жастағы балалар арасында қандай да болмасын айқын айырмашылық жоқ екенін көрсетті («ешқашан», «аптасына бір реттен сирек», «аптасына бір рет», «аптасына 2-4 күн», «аптасына 5-6 күн», «күн сайын күніне бір рет», «күн сайын, күніне бір реттен жиі»). Көкөністер мен жеміс-жидектерді тұтыну жиілігін

талдау балалардың жастары бойынша байланыстың жоқ екендігін көрсетті ( $p=0,998$ ) (сурет 13).



Сурет 13 - Жемістер мен көкөністерді тұтыну жиілігі, жасы бойынша


Осы блокта зерттелушілер өз дене салмағын бағалау бойынша талданды. Оқушылардың өз салмағына қатысты өзіндік пікірі бойынша жасы мен жынысы арасында айтарлықтай ерекшелік болған жоқ, маңызды нәтиже болмаған соң жалпы нәтиже ұсынылды: өзінің денесін өте арық деп жалпы 242 оқушы, ол оның 16% құрайды; кішкене арықпын деп - 372 оқушылар құрады 25%; өз дене салмағын қалыпты деп санайтын оқушылар саны 774 немесе 53%; өз дене салмағын толықтау деп 81 немесе 16%; өзін өте толықпын деп санайтын 2 бала немесе 0,14% (сурет 14) анықталды.



Сурет 14 - Дене салмағы туралы ойы

Қалалар бойынша респонденттердің жауаптары келесідей көрсетті. Батыс Қазақстанның балалары мен жасөспірімдерінің өзін-өзі бағалауы қалалардағы айырмашылықтар тұрғысынан талданды. Краскел-Уоллис әдістері деректеріне сәйкес, барлық санаттар бойынша қалалар бойынша балалардың өзін-өзі бағалауында статистикалық сенімді айырмашылықтар анықталды. Ақтөбе қаласының балалары мен жасөспірімдері өз салмағын өте арықпын деп санайды 50 (20,6%) оқушы құрады. Атырау бойынша 87 бала (35,9%) жауап берді. Ақтау қаласы бойынша сауалнама алынған балалар 68 (28,0%) құраса, ал Орал қаласы бойынша 37 оқушы (15,2%) өздерін өте арықпын деп санайтыны анықталды

( $p < 0,05$ ). Атырау қаласы оқушыларының көпшілігі өзін кішкене арықпын деп санайды, олар 103 оқушы немесе осы қалада сауалнама жүргізілгендердің 27,8% құрайды. Қалған қалаларда жауаптың осы нұсқасын келесідей таңдады: Ақтөбеде - 108, яғни 29,1%; Ақтау - 83 (22,4%); Орал - 78 немесе 21% құрады (сурет 15).



Сурет 15 - Дене салмағы туралы ойы, қалалар бойынша

Орал қаласы бойынша дене салмағын қалыпты деп санайтын оқушылар саны 218 немесе 28,1% құрады; Ақтау қаласы бойынша - 188 (24,2%); Ақтөбе қаласы - 207 бала немесе сауалнама жүргізілген оқушының 26,7% құрады, Атырау қаласының оқушылары 161, яғни 20,8% өздерінің дене салмағын қалыпты деп бағалайды. Өздерін толықтауымын деп Ақтау 20 оқушы - 24,6%, Ақтөбе 8 - 9,8%, Атырау 16 - 19,7%, Орал 37 - 45,6% құрады. Қалған респонденттер салмағы бойынша өзін өте толықпын деп санайды тек Атырауда 2 оқушы құрады.

4-кестеде зерттелген балалар мен жасөспірімдердің бойы мен салмағы бойынша жиынтық деректер ұсынылған және ДДСҰ халықаралық нормативтерімен салыстырмалы талдау жүргізілді.

Кесте 4 - Батыс Қазақстан қалаларының балалары мен жасөспірімдерінің салмақ пен бойы көрсеткіштерінің ДДСҰ нормативтеріне сәйкестігі

Жасы/ жынысы		Қалыпты салмақ (ДДСҰ бойынша)	Ақтау		Ақтөбе		Атырау		Орал	
			Салмағы ± Стандартты ауытқу	р	Салмағы ± Стандартты ауытқу	р	Салмағы ± Стандартты ауытқу	р	Салмағы ± Стандартты ауытқу	р
11 жас	Ер балалар	35,4	38,0±2,3	<0,001	37,1±2,0	<0,001	39,9±5,9	<0,001	38,4±4,6	<0,001
	Қыз балалар	37,4	37,7±2,0	0,296	38,1±2,2	0,023	40,6±5,6	<0,001	40,4±6,3	<0,001
13 жас	Ер балалар	45,8	49,2±3,9	<0,001	47,0±2,1	<0,001	48,1±1,9	<0,001	40,4±6,2	<0,001
	Қыз балалар	48,5	51,7±6,7	0,001	48,1±1,7	0,14	48,7±0,6	0,001	48,6±0,7	0,001
15 жас	Ер балалар	56,3	57,3±2,1	<0,001	56,8±2,3	0,477	55,4±2,8	0,001	56,1±1,4	0,235
	Қыз балалар	54,8	56,6±2,7	<0,001	56,2±1,2	<0,001	55,8±2,0	<0,001	52,6±4,1	<0,001
Жасы/ жынысы		Қалыпты бой (ДДСҰ бойынша)	Ақтау		Ақтөбе		Атырау		Орал	
			Бойы ± Стандартты ауытқу	р	Бойы ± Стандартты ауытқу	р	Бойы ± Стандартты ауытқу	р	Бойы ± Стандартты ауытқу	р
11 жас	Ер балалар	143,4	147,8±5,6	<0,001	146,6±4,8	<0,001	150,0±8,8	<0,001	151,4±9,3	<0,001
	Қыз балалар	144,5	147,3±3,5	<0,001	146,6±3,8	<0,001	151,6±8,0	<0,001	153,8±9,3	<0,001
13 жас	Ер балалар	156,6	155,1±3,2	<0,001	154,6±3,7	<0,001	155,7±2,4	0,012	155,0±1,5	<0,001
	Қыз балалар	156,8	156,4±2,1	0,243	156,5±2,2	0,317	155,8±2,3	<0,001	155,0±1,6	<0,001
15 жас	Ер балалар	170,1	166,0±4,2	<0,001	164,7±5,5	<0,001	164,6±3,7	<0,001	162,8±2,0	<0,001
	Қыз балалар	161,9	163,2±3,5	0,001	161,4±4,2	0,464	162,2±1,5	0,048	162,3±1,5	0,015

Қалың әріппен ДДСҰ нормативтерімен салыстырғанда статистикалық сенімді айырмашылықтар анықталмаған параметрлер белгіленген. 4 - кестеден Ақтаудан 11 жастағы қыз балалар, Ақтөбеден 13 жастағы қыз балалар, сондай-ақ Ақтөбеден 15 жастағы ер балалар ДДСҰ-ның салмақ нормативтеріне сәйкес келеді, бірақ балалар мен жасөспірімдердің қалған санаттары сәйкес келмейді. Ақтау қыз балаларынан басқа барлық қалаларда екі жыныстағы 11 жастағы балаларда артық салмақ байқалады. 13 жастағы балалар арасында тек Ақтөбеден келген қыз балаларда ДДСҰ нормативтеріне сәйкестігі анықталды, қалғандарында жынысына қарамастан артық салмақтың болуы анықталды. Ақтөбе және Орал қалалары бойынша 15 жастағы ер жасөспірімдерде ДДСҰ нормативтеріне салыстырмалы сәйкестік байқалады, қыз балаларда - артық салмақ та, салмақ тапшылығы да (Орал). Жас топтары бойынша салмақ көрсеткіштерінің медианасы 5-кестеде көрсетілген.

Кесте 5 - Жасы, қала және жыныс бойынша салмақ көрсеткіштерінің орташа деректері

Қалалар/ жасы	Ер балалар Медиана [Q1:Q3]	Ер балалар [СШ 95%]	Қыз балалар Медиана [Q1:Q3]	Қыз балалар [СШ 95%]
Ақтау				
11 жас	37.0 [37:40]	1,9±2,9	39.0 [36:40]	2,3±4,4
13 жас	48.0[46:49]	3,4±4,7	55.0 [47:58]	5,6±8,5
15 жас	57.0 [56:59]	1,8±2,6	56.0 [55:59]	2,3±3,2
Ақтөбе				
11 жас	37.0 [36:39]	1,7±2,5	38.0 [37:40]	1,9±2,7
13 жас	46.0 [46:48]	1,8±2,5	48.0 [48:49]	1,4±2,1
15 жас	57.0 [56:58]	2,0±2,7	56.0 [55:57]	0,9±1,6
Атырау				
11 жас	38.0 [37:39]	5,0±7,2	38.0 [37:40]	1,9±2,7
13 жас	39.0 [37:42]	4,7±7,0	49.0 [48:49]	0,8±0,8
15 жас	56.0 [54:57]	1,8±2,6	56.0 [54:57]	1,7±2,4
Орал				
11 жас	37.0 [36:39]	3,8±5,7	38.0 [37:40]	5,5±7,5
13 жас	49.0 [46.5:49]	1,2±1,8	48.0 [48:49]	0,6±0,9
15 жас	56.0 [56:57]	1,2±1,8	54.0 [50:57]	0,8±0,8


Жалпы, қыз балалар арасында қалалар мен жас топтары бойынша салмақта айтарлықтай статистикалық айырмашылық анықталған жоқ ( $p < 0,086$ ), бірақ ер балаларда статистикалық маңызды сәйкессіздіктер анықталды ( $p < 0,016$ ). Салыстырмалы түрде үлкен материалдан алынған біздің деректер ( $n=1482$ ) 9 жастағы балалардың салмақ көрсеткіштерін зерттеген «Детское ожирение в Казахстане: поведенческие риски для здоровья, связанные с питанием и физической активностью» Баттакова Ж. 2017 [136-140] ауқымды зерттеуінде ұсынылған қорытындыларды қолдайды. Бұл жұмыста зерттеуші бастауыш сынып оқушылары арасында артық дене салмағының таралуын 18,6% деп бағалады. Деректердегі белгілі бір сәйкессіздіктер біз басқа жас топтарын, атап

айтқанда 11 жастағы балаларды зерттегенімізге байланысты және оның зерттеу таңдамасына қарамастан, біздің үлгінің мөлшері COSI (ДДСҰ-ның балалар семіздігін қадағалау жөніндегі Еуропалық бастамасы) шеңберіндегі жалпы республикалық зерттеумен салыстыруға келмейді. Біз келтірілген зерттеушілердің қорытындыларымен келісеміз, Қазақстан Республикасында бастауыш сынып оқушылары арасында балалардың семіздігін бақылаудың стандартталған жүйесі жоқ және оны жергілікті жерлерде ұйымдастыру қажет.

Бой өсу көрсеткіштері бойынша ДДСҰ нормативтеріне сәйкессіздік байқалады (кесте 27). 11 жастағы балалар арасында, негізінен, қыз балалар мен ер балаларда арасында барлық қалаларда өсу нормативтерінің біршама артуы байқалады. Бірақ 13 және 15 жастағы ер балаларда арасында белгілі бір өсу тапшылығы бар ( $p=0,034$ ).

### 3.1.3 Зиянды әдеттер


Зиянды әдеттердің болуына қатысты сауалнама барысында алынған нәтижелер, темекі шегуге қатысты қанша күн темекі шектің деген сураққа «ешқашан» деп 1319 немесе сауалнама алынғандардың 89% ешқашан темекі шегіп көрмегенін атап көрсетті. Қалалар бойынша өмірінде тым болмаса 1-2 рет темекі шегіп көрген ең көп оқушылар саны Ақтөбе қаласында анықталды, ол 69 оқушыны немесе 0,8% құрады. Орал қаласында бұл сан біраз азырақ 51 оқушы (0,4%). Бұдан әрі Атырау қаласы 27 оқушы немесе 0,7% құрады. Өмір бойына темекіні 1-2 рет шегіп көргендер Ақтау қаласының оқушылары арасында 16 бала немесе 4% құрады (сурет 16).



Сурет 16 - Темекі шегуге қатысты жауаптар, жалпы

Соған сәйкес, ешқашан темекі шегіп көрмегендердің ең көп саны Ақтау қаласында екені белгілі болды - 351 оқушы немесе 96%. Келесі Атырау қаласы 342 оқушы немесе 93%, Оралда - 319 оқушы немесе сауалнама алынғандардың 86%, ал Ақтөбеде - 307 оқушы немесе 82% (сурет 17) құрады.






Сурет 17 - Темекі шегуге қатысты жауаптар, қалалар бойынша

Келесі сұрақ алкогольге қатысты болды. Ұсынылған 7 жауаптың ішінен тек екі бірінші нұсқаны ғана таңдады, олар: «ешқашан» және «өмір бойына 1-2 рет». Мәселен, 1310 немесе сұралғандардың 88% алкогольді мүлде тұтынбағанын, ал қалған 172 немесе 0,2% - өмір бойына 1-2 рет тұтынып көргендігін көрсетті (сурет 18).



Сурет 18 - Алкогольді тұтынуға қатысты жауаптар, жалпы

Қалалар бойынша ешқашан алкоголь тұтынып көрмеген оқушылар саны Ақтау қаласында - 356 оқушыны немесе 97% құрады, бұдан әрі Атырау - 346 оқушы немесе сауалнама алынғандардың 94%. Ақтөбе қаласында осы нұсқаны 318 оқушы немесе 85% белгіледі, осы нұсқаны ең аз таңдаған Орал қаласының оқушылары болды - 290 оқушы немесе 78%. Қалалар бойынша жауаптар нәтижелері 19-суретте берілген.



Сурет 19 - Алкогольді тұтынуға қатысты жауаптар, қалалар бойынша

Сонымен, зерттеу нәтижелері, темекі шегу мен алкоголь тұтынуға қатысты зиянды әдеттер бойынша, темекі шегетін және алкоголь тұтынатын оқушылардың үлесі төмен болды. Дегенмен, кездесетін бірлі-жарым жағдайлар белгілі бір қауіп бар екендігін де көрсетеді және ол ата-аналар мен мұғалімдер үшін алаңдатушылық тудыратыны да сөзсіз.

Осылайша, жүргізілген зерттеулердің нәтижелері балалар мен жасөспірімдерде жемістерді, көкөністерді тұрақты емес тұтынумен және диетаны бұзумен байланысты тамақтану мінез-құлқында айтарлықтай өзгерістер бар екенін көрсетті. Бұл мінез-құлық факторларына және дене салмағына әсер етеді, олар ер балаларда да, қыз балаларда да кездеседі. Тамақтанудың сипаты мен құрылымының бұзылуымен байланысты алынған мәліметтер балалар мен жасөспірімдердің жалпы соматикалық және функционалды жағдайына әсер ете алмайды. Осыған сүйене отырып, 11,13,15 жастағы балалар мен жасөспірімдердің денсаулығына қатысты көрсеткіштерді зерттеу маңызды және қажет болып табылады.

### **3.2 Балалар мен жасөспірімдердің денсаулық жағдайына баға беруде аурушандығына зерделеу жүргізу**

3.2.1 Балалар мен жасөспірімдердің аурушандығын қалалар бойынша салыстырмалы талдау

2012-2021 жылдар кезеңінде 11,13,15 жастағы балалар мен жасөспірімдердің ХАЖ-10 (МКБ-10) бойынша мейлінше жиі кездескен аурушандықтарының 6 классы зерттелді: қан жүйесі аурулары, эндокриндік аурулар, жүйке жүйесі аурулары, көз аурулары, тыныс алу жүйесі аурулары және ас қорыту жүйесі аурулары. Таңдап алынған жас топтарының балалары мен жасөспірімдерінде басым болатын негізгі аурушандықтар инциденттің көрсеткіштерімен берілген (кесте 6).


**Ақтау қаласының балалары мен жасөспірімдерінің аурушандық жиілігін салыстырмалы талдау**

Кесте 6 - Балалар мен жасөспірімдердің 2012-2021 жылдар аралығындағы аурушандық жиілігі (100000 тұрғынға шаққанда)

Аурушандық	11 жас	13 жас	15 жас
Қан жүйесі аурулары	552,57±53,5	573,13±69,8	717,65±41,5
Эндокриндік аурулар	121,28±39,3	143,44±34,6	208,24±80,3
Жүйке жүйесі аурулары	285,90±40,5	307,47±38,7	344,49±53,2
Көз аурулары	577,88±68,4	724,48±143,4	822,23±82,9
Тыныс алу жүйесі аурулары	1628,89±150,5	1806,23±176,2	2380,17±261,1
Ас қорыту жүйесі аурулары	1485,06±168,0	878,19±81,5	752,22±64,7

Ақтау қаласы бойынша балалар мен жасөспірімдер арасында тыныс алу жүйесі аурулары зерттеліп отырған басқа аурушандықтармен салыстығанда ең жоғары деңгейге ие болды. Аурушандық деңгейінің ең жоғары мәні 15 жастағы


жасөспірімдерде болды (100000 тұрғынға шаққанда 2380,17), ең төменгі мәні 11 жастағы балаларда кездесті. 15 жастағы жасөспірімдердің аурушандық деңгейі 13 жастағы балалар деңгейінен 1,32 есе артық ( $p=0,000$ , сурет 20) және 11 жастағы балалар аурушандық деңгейінен 1,4 есе артық ( $p=0,000$ ) болды.



Сурет 20 - Тыныс алу және ас қорыту жүйелері ауруларының жиілігі

Екінші орында жиі кездескен ас қорыту жүйесі аурулары (сурет 20). Аурушандықтың ең жоғары деңгейі 11 жастағы балаларда кездесті (100000-ға 1485,06), бұл 13 жастағы балалардың аурушандық жиілігінен 1,69 есе көп (100000-ға 878,19,  $p=0,000$ ) және 15 жастағы жасөспірімдер деңгейінен 1,97 есе көп (100000-ға 752,22,  $p=0,000$ ).


Аурушандық жиілігі бойынша келесі көз аурулары болды (сурет 21). 15 жастағы жасөспірімдерде зерттелген кезеңде аурушандықтың орташа жиілігі 100000 тұрғынға шаққанда 822,23 құрады, бұл 11 жастағы балаларға қарағанда 1,42 есе жоғары (100000-ға 577,88,  $p=0,000$ ). Сонымен қатар, 11 жастағы балалардың аурушандық деңгейі ең төменгі мәнге ие болды және 13 жастағы балалардың аурушандық деңгейінен төмен болды (100000-ға 724,48,  $p=0,000$ ).



Сурет 21 - Көз аурулары және қан жүйесі аурулары жиілігі

Қан жүйесі ауруларының ең жоғары деңгейі 15 жастағы жасөспірімдерде 100000 тұрғынға шаққанда 717,65 құрады. 11,13 жастағы балалар арасында аурушандықтың орташа деңгейі бірдей және 15 жастағы жасөспірімдерден 1,3 есе төмен болды (100000 тұрғынға шаққанда 552,57 және 573,13,  $p=0,000$ ).

15 жастағы жасөспірімдерде жүйке жүйесі ауруларының орташа жиілігі 100000 тұрғынға шаққанда 344,49 болды (сурет 22), 11 жастағы балалармен салыстырғанда 1,2 есе артық (100000 тұрғынға шаққанда 285,89,  $p=0,017$ ), және 13 жастағы балалардың аурушандық жиілігімен салыстырғанда ерекше айырмашылықтар болған жоқ (100000 тұрғынға шаққанда 307,47).



Сурет 22 - Жүйке жүйесі және эндокриндік аурулар жиілігі жиілігі


11 және 13 жастағы балалар арасында эндокриндік аурулардың орташа жиілігі бірдей деңгейде болды (100000 тұрғынға шаққанда 121,28 және 143,44) және 15 жастағы жасөспірімдер деңгейімен салыстырғанда 1,6 есе төмен болды (100000 тұрғынға шаққанда 208,24,  $p=0,004$ ,  $p=0,037$ ).

#### Ақтөбе қаласының балалары мен жасөспірімдерінің аурушандық жиілігін салыстырмалы талдау

Кесте 7 - Балалар мен жасөспірімдердің 2012-2021 жылдар аралығындағы аурушандық жиілігі (100000 тұрғынға шаққанда)

Аурушандық	11 жас	13 жас	15 жас
Қан жүйесі аурулары	252,53±23,4	269,93±24,9	712,26±33,8
Эндокриндік аурулар	60,86±10,1	73,19±25,8	157,42±15,8
Жүйке жүйесі аурулары	117,68±25,8	162,06±22,9	366,82±23,54
Көз аурулары	254,11±19,8	355,76±42,2	891,90±45,2
Тыныс алу жүйесі аурулары	638,48±176,2	365,10±54,0	1093,21±112,5
Ас қорыту жүйесі аурулары	218,47±22,9	273,64±42,7	424,81±18,2

Балалар мен жасөспірімдер арасында зерттелген аурулар арасында тыныс алу жүйесі аурулары классы көшбасшы болды (сурет 23).




Сурет 23 - Тыныс алу жүйесі және көз аурулары жиілігі

Жасөспірімдерде аурушандықтың ең жоғары деңгейі байқалды (100000 тұрғынға шаққанда 1093,21), 11 жастағы балалардың аурушандық деңгейі жасөспірімдермен салыстырғанда 1,71 есе төмен болды (100000 тұрғынға шаққанда 638,48,  $p=0,000$ ), тыныс алу жүйесі ауруларының ең төменгі мәні 13 жастағы балаларда кездесті (100000 тұрғынға шаққанда 365,1,  $p=0,000$ ), бұл жасөспірімдермен салыстырғанда 100000 тұрғынға шаққанда жасөспірімдерге қарағанда 2,99 есе төмен ( $p=0,000$ ).

Екінші орында көз аурулары болды. Балалар мен жасөспірімдер арасындағы көз ауруларының орташа мәндерін талдау басқа балалармен салыстырғанда жасөспірімдерде деңгейдің максималды мәні байқалғанын көрсетті (100000-ға 891,9). 11 жастағы балаларда аурушандық деңгейі 100000 тұрғынға шаққанда 254,11 құрады, бұл жасөспірімдердің аурушандық деңгейінен 3,51 есе төмен ( $p=0,000$ ) және 13 жастағы балаларға қарағанда 1,4 есе төмен (100000 тұрғынға шаққанда 355,76,  $p=0,000$ ).


24-суретте Ақтөбе қаласының балалары мен жасөспірімдерінде қан жүйесі ауруларының орташа деңгейі көрсетілген. 2012-2021 жылдар кезеңінде аурушандықтың орташа деңгейі 11 және 13 жастағы балаларда бірдей мәнге ие болды (100000-ға 252,53 және 269,93), 15 жастағы жасөспірімдерде аурушандық деңгейі басқаларға қарағанда 2,7 есе жоғары болды (100000-ға 712,26,  $p=0,000$ ).



Сурет 24 - Қан жүйесі және ас қорыту жүйесі ауруларының жиілігі

Ақтөбе қаласының балалары мен жасөспірімдері бойынша ас қорыту жүйесі аурулары төртінші орында (сурет 24). 15 жастағы балалардың аурушандық деңгейінің орташа мәндері 100000 тұрғынға 424,81 құрады, бұл 11 жастағы балалардың аурушандық деңгейінен 1,94 есе жоғары (100000 тұрғынға шаққанда 218,47,  $p=0,000$ ) және 13 жастағы балалардың деңгейінен 1,55 есе артық (100000 тұрғынға шаққанда 273,642,  $p=0,000$ ). Сонымен қатар, 11 жастағы балалардың аурушандық деңгейі 13 жастағы балаларға қарағанда 1,25 есе төмен болды ( $p=0,000$ ).

Жүйке жүйесі аурулары басқа зерттелген аурушандықтармен салыстырғанда аурушандықтың төмен деңгейіне ие болды. 15 жастағы жасөспірімдерде аурушандық деңгейінің орташа мәні 100000 тұрғынға шаққанда 366,82 құрады және Ақтөбе қаласындағы балалар арасындағы ең жоғары деңгей болып табылды. 13 жастағы балаларда аурушандық деңгейі 15 жастағы жасөспірімдермен салыстырғанда 2,26 есе (100000 тұрғынға шаққанда 162,06,  $p=0,000$ ) төмен болды, ал 11 жастағы балаларда 3,12 есе (100000 тұрғынға шаққанда 117,68,  $p=0,000$ ), сондай-ақ 13 жастағы балалардың аурушандығынан 1,38 есе төмен болды. ( $p=0,000$ ). 25-суретте салыстыру нәтижелері көрсетілген.



Сурет 25 - Жүйке жүйесі және эндокриндік аурулар жиілігі

15 жастағы жасөспірімдерде эндокриндік жүйенің аурушандық деңгейі 100000 тұрғынға 157,42 құрады, бұл 11 жастағы балаларға қарағанда 2,59 есе көп (100000 тұрғынға шаққанда 60,86,  $p=0,000$ ) және 13 жастағы балаларға қарағанда 2,15 есе көп (100000 тұрғынға шаққанда 73,19,  $p=0,000$ ). Талдау нәтижелері 25-суретте көрсетілген.


Салыстырмалы талдау нәтижелері жасөспірімдерде зерттелген аурушандық деңгейінің орташа мәні басқа балалармен салыстырғанда жоғары болатындығын көрсетті.

**Атырау қаласының балалары мен жасөспірімдерінің аурушандық жиілігін салыстырмалы талдау**

Кесте 8 - Балалар мен жасөспірімдердің 2012-2021 жылдар аралығындағы аурушандық жиілігі (100000 тұрғынға шаққанда)

Аурушандық	11 жас	13 жас	15 жас
Қан жүйесі аурулары	484,01±66,7	513,98±48,2	1052,54±161,4
Эндокриндік аурулар	90,11±15,5	174,73±46,33	314,37±23,4
Жүйке жүйесі аурулары	250,90±40,9	277,12±29,0	710,15±45,9
Көз аурулары	547,47±96,9	498,16±50,2	1252,27±372,7
Тыныс алу жүйесі аурулары	1285,13±87,1	1080,53±376,7	2219,14±98,6
Ас қорыту жүйесі аурулары	446,32±66,6	982,62±1100,9	681,77±72,9

26-суретте Атырау қаласының балалар мен жасөспірімдерінің тыныс алу жүйесі аурулары деңгейінің орташа мәндері көрсетілген.




Сурет 26 - Тыныс алу жүйесі және көз аурулары жиілігі

Аурушандықтың ең жоғары деңгейі басқалармен салыстырғанда 15 жастағы жасөспірімдерде байқалды (100000 тұрғынға шаққанда 2219,14). Ол 11 жастағы балалардың аурушандық деңгейінен 1,73 есе (100000 тұрғынға 1285,13,  $p=0,000$ ) және 13 жастағы балалардың деңгейінен 2,05 есе (100000 тұрғынға шаққанда 1080,53  $p=0,000$ ) жоғары болды.

Көз аурулары аурушандықтың ең жоғары мәні 15 жастағы жасөспірімдер арасында да анықталды (100000 тұрғынға 1252,27), бұл 11 жастағы балалардың аурушандығынан 2,29 есе және 13 жастағы балалардың аурушандығынан 2,51 есе көп (100000 тұрғынға 547,47 және 498,16,  $p=0,000$ ). Алынған нәтижелер 17-суретте көрсетілген.


15 жастағы жасөспірімдерде қан жүйесі ауруларының орташа мәнін талдау 11,13 жастағы балалармен салыстырғанда аурушандық деңгейінің мәні 2 есе жоғары екенін көрсетті (100000 тұрғынға 1052,54,  $p=0,000$ ). 11 жастағы балаларда қан жүйесі аурулары деңгейі 100000 тұрғынға шаққанда 484,01 (сурет 27), ал 13 жастағы балаларда 100000 тұрғынға шаққанда 513,98 құрады.



Сурет 27 - Қан жүйесі және ас қорыту жүйесі аурулары жиілігі

2012-2021 жылдар кезеңінде Атырау қаласы бойынша 11 жастағы балалардың ас қорыту жүйесі аурулары деңгейінің орташа мәні 100000 тұрғынға шаққанда 446,32 құрады, бұл осы 6 класс бойынша аурушандықтың ең төменгі деңгейі болды. 13 жастағы балаларда аурушандықтың орташа деңгейі 100000 тұрғынға шаққанда 982,62 құрады, ал 15 жастағы жасөспірімдерде 100000 тұрғынға шаққанда 681,77 болды. Жас топтары арасында статистикалық маңызды айырмашылықтар табылған жоқ. Нәтижелер 27-суретте көрсетілген.

28-суретте Атырау қаласының 15 жастағы балалар мен жасөспірімдер арасында жүйке жүйесі ауруларының орташа деңгейі көрсетілген. Жасөспірімдерде аурушандықтың ең жоғары деңгейі анықталды (100000 тұрғынға 710,15,  $p=0,000$ ). 11 және 13 жастағы балалардың жүйке жүйесі ауруларының деңгейі жасөспірімдерге қарағанда 2,7 есе төмен болды (100000 тұрғынға шаққанда 250,9 және 277,12,  $p=0,000$ ).



Сурет 28 - Жүйке жүйесі және эндокриндік аурулары жиілігі

15 жастағы жасөспірімдерде эндокриндік аурулары деңгейі ең жоғары мәнге ие болды (100000 тұрғынға 314,37,  $p=0,000$ ), 13 жастағы балаларда аурушандық деңгейі 100000 тұрғынға 174,73-ті құрады және жасөспірімдерге қарағанда 1,8



есе төмен болды ( $p=0,000$ ), бірақ 11 жастағы балаларға қарағанда 1,94 есе жоғары ( $p=0,000$ ). 100000 тұрғынға 90,11,  $p=0,000$ ) құрады.


Салыстырмалы талдау нәтижелері жасөспірімдерде зерттелген аурушандық деңгейінің орташа мәні басқа жастағы балалармен салыстырғанда жоғары болатындығын көрсетті.

### Орал қаласының балалары мен жасөспірімдерінің аурушандық жиілігін салыстырмалы талдау

Кесте 9 - Балалар мен жасөспірімдердің 2012-2021 жылдар аралығындағы аурушандық жиілігі (100000 тұрғынға шаққанда)

Аурушандық	11 жас	13 жас	15 жас
Қан жүйесі аурулары	230,49±40,1	310,08±23,1	636,67±44,2
Эндокриндік аурулар	92,15±26,5	120,37±47,2	222,74±34,9
Жүйке жүйесі аурулары	202,82±45,6	244,32±26,1	535,58±58,6
Көз аурулары	352,18±79,3	376,88±112,9	927,46±62,7
Тыныс алу жүйесі аурулары	608,09±109,8	835,31±161,9	1418,58±74,8
Ас қорыту жүйесі аурулары	325,87±27,3	457,85±177,9	451,58±37,6


Орал қаласының балалары мен жасөспірімдерінде аурушандықтың жоғары деңгейі тыныс алу жүйесі және көз аурулары бойынша байқалды. Үшінші орында қан жүйесі аурулары, төртінші орында ас қорыту жүйесі аурулары, содан кейін жүйке жүйесі аурулары және эндокриндік аурулар болды. Орал қаласының балалары мен жасөспірімдері арасында тыныс алу жүйесі аурулары деңгейінің орташа мәні 29-суретте көрсетілген.



Сурет 29 - Тыныс алу жүйесі және көз аурулары жиілігі

Тыныс алу жүйесі ауруларының ең жоғары деңгейі 15 жастағы жасөспірімдерде байқалды (100000 тұрғынға 1418,58,  $p<0,001$ ). 11 жастағы балалардың аурушандық деңгейі 15 жастағы жасөспірімдермен салыстырғанда 2,3 есе төмен болды және 100000 тұрғынға шаққанда 608,09 құрады ( $p<0,001$ ). 13 жастағы балалардың аурушандық деңгейі 100000 тұрғынға шаққанда 835,31-ге тең болды, бұл жасөспірімдермен салыстырғанда 1,7 есе төмен ( $p<0,001$ ) және 11 жастағы балаларға қарағанда 1,4 есе жоғары ( $p<0,001$ ).


Көз ауруларының ең жоғары деңгейі 15 жастағы жасөспірімдерде анықталды (100000 тұрғынға 927,46,  $p=0,000$ ). 11 және 13 жастағы балаларда аурушандық деңгейінің орташа мәні 100000 тұрғынға шаққанда 352,18 және 376,88 құрады, бұл жасөспірімдермен салыстырғанда 2,6 есе төмен. Нәтижелер 29-суретте көрсетілген. Жасөспірімдерде қан жүйесі ауруларының ең жоғары деңгейі байқалды (100000 тұрғынға 636,67,  $p=0,000$ ), бұл 11 жастағы балалардың аурушандық деңгейінен 2,76 есе жоғары (100000 тұрғынға 230,49,  $p=0,000$ ) және 13 жастағы балалардың деңгейінен 2,1 есе жоғары (100000 тұрғынға 310,08,  $p=0,000$ ). Алайда, 11 жастағы балалардың аурушандық деңгейі 13 жастағы балалардың аурушандық деңгейімен салыстырғанда 1,4 есе төмен ( $p=0,000$ ).



Сурет 30 - Қан жүйесі және ас қорыту жүйесі аурулары жиілігі

2012-2021 жылдар аралығында Орал қаласының 100000 тұрғынға шаққанда ас қорыту жүйесі аурулары 457,85 құрады, бұл осы аурушандықтың ең жоғары деңгейі болды. Ол 11 жастағы балалардың орташа аурушандық деңгейінен 1,4 есе жоғары болды (100000 тұрғынға 325,87,  $p=0,026$ ). Жасөспірімдердің аурушандық деңгейі (100000-ға 451,58) 11 жастағы балаларға қарағанда 1,4 есе жоғары болды. Нәтижелер 30-суретте көрсетілген.

Жүйке жүйесі ауруларының ең төменгі деңгейі 11 және 13 жастағы балалар арасында байқалды (100000 тұрғынға шаққанда 202,82 және 244,32,  $p=0,000$ ). 15 жастағы жасөспірімдер арасында аурушандық деңгейі 100000 тұрғынға шаққанда 535,58 мәні болды, бұл 11 және 13 жастағы балалардың аурушандық деңгейінің мәнінен 2,5 есе дерлік асып түсті ( $p=0,000$ , сурет 31).



Сурет 31 - Жүйке жүйесі және эндокриндік аурулары жиілігі

Эндокриндік аурулардың ең төменгі орташа мәні қалған балалармен салыстырғанда 11 жастағы балаларда анықталды (100000-ға 92,15,  $p=0,000$ ). Жасөспірімдер мен 13 жастағы балалардың аурушаңдық деңгейі 11 жастағы балаларға қарағанда 2,0 есе жоғары болды (100000 тұрғынға шаққанда 222,74 және 120,37,  $p=0,000$ ) (сурет 14). Орал қаласында тұратын 11,13 жастағы балаларына қарағанда 15 жастағы жасөспірімдер арасындағы зерттелген аурушаңдық деңгейінің жоғары мәндерге ие деп қорытынды жасауға болады.

3.2.2 Балалар мен жасөспірімдердің аурушаңдығын жасы бойынша салыстырмалы талдау

**11 жастағы балалардың аурушаңдық жиілігін салыстырмалы талдау** 2012-2021 жылдар аралығында Батыс Қазақстанның (Ақтөбе, Ақтау, Атырау және Орал) қалаларында тұратын 11 жастағы балалардың аурушаңдықтың ХАЖ-10 бойынша 6 классы бойынша (қан жүйесі аурулары, эндокриндік аурулар, жүйке жүйесі аурулары, көз аурулары, тыныс алу жүйесі аурулары және ас қорыту жүйесі аурулары) аурушаңдықтарға талдау жүргізілді.

2012-2021 жылдар кезеңінде 11 жастағы балалар арасында зерттелген аурушаңдықтың орташа мәндері 10-кестеде келтірілген.


Кесте 10 - 2012-2021 жылдар аралығындағы аурушаңдық жиілігі (100000 тұрғынға шаққанда)

Аурушаңдық	Ақтау	Ақтөбе	Атырау	Орал
Қан жүйесі аурулары	552,57±53,5	252,53±23,5	484,01±66,7	230,49±40,1
Эндокриндік аурулар	121,28±39,3	60,86±12,1	90,11±15,5	92,15±26,5
Жүйке жүйесі аурулары	285,90±40,5	117,68±25,8	250,90±40,9	202,82±45,6
Көз аурулары	577,88±68,4	254,11±19,8	547,47±96,9	352,18±79,3
Тыныс алу жүйесі аурулары	1628,89±150,5	638,48±176,1	1285,13±87,1	608,09±109,9
Ас қорыту жүйесі аурулары	1485,06±168,0	218,47±22,9	446,32±66,6	325,87±27,3

Ақтау қаласының 11 жастағы балалары арасында тыныс алу жүйесі аурулары (100000-ға 1628,89) және ас қорыту жүйесі аурулары (100000-ға 1485,06) аурушаңдықтың жоғары деңгейі орын алды. Үшінші орында көз аурулары (100000-ға 577,88) және қан жүйесі аурулары (100000-ға 552,57), содан кейін жүйке жүйесі аурулары (100000-ға 285,89) және эндокриндік аурулар (100000-ға 121,28) болды. Ақтөбе қаласында 11 жастағы балалар арасында тыныс алу жүйесі аурулары жоғары деңгейде (100000-ға 638,48), екінші орында көз аурулары және қан жүйесі аурулары (100000-ға 254,11 және 252,53), үшінші орында ас қорыту жүйесі аурулары (100000-ға 218,47), одан әрі жүйке жүйесі аурулары және эндокриндік аурулар болды (100000-ға 117,69 және 60,86).

Атырау қаласының балалары арасында аурушаңдық бойынша бірінші орында тыныс алу жүйесі аурулары (100000-ға 1285,13), екінші орында көз аурулары (100000 - ға 547,47), үшінші орында қан жүйесі аурулары (100000-ға 484,01), төртінші орында ас қорыту жүйесі аурулары (100000-ға 446,32), одан әрі жүйке жүйесі аурулары (100000-ға 250,9) және эндокриндік аурулар (100000-ға


90,11) құрады. Орал қаласының тыныс алу жүйесі аурулары да бірінші орында (100000-ға 608,09), көз аурулары және ас қорыту жүйесі аурулары екінші орында 100000-ға 352,18 және 325,87, қан жүйесі аурулары үшінші орында (100000-ға 230,49), жүйке жүйесі аурулары төртінші орында (100000-ға 202,82), одан әрі эндокриндік аурулар (100000-ға 92,15). Әр класс үшін балалардағы ауру деңгейін бөлек қарастырамыз. Зерттелетін қалалардың 11 жастағы балалары арасында тыныс алу жүйесі орташа мәні 32-суретте көрсетілген.



Сурет 32 - Тыныс алу және ас қорыту жүйелері аурулары жиілігі

Аурушандықтың ең жоғары деңгейі Ақтау (100000-ға 1628,89) және Атырау (100000-ға 1285,13) қалаларында байқалды ( $p=0,000$ ). Ақтөбе және Орал қалаларында аурушандық деңгейі іс жүзінде бір деңгейде болды (100000-ға 638,48 және 608,09). Ас қорыту жүйесі ауруларының ең жоғары деңгейі Ақтау қаласының балалары арасында байқалды (100000-ға 1485,06,  $p \leq 0,001$ ), содан кейін Атырау қаласының балаларында 100000-ға 446,32 құрады, Ақтөбе және Оралда аурушандықтың ең төмен деңгейі байқалды (100000-ға 218,47 және 325,87). Қалалар арасындағы аурушандық деңгейінің айырмашылықтары статистикалық тұрғыдан  $p$ -деңгейінде 0,001-ден аз болды.


Көз ауруларының ең жоғары деңгейі Ақтау және Атырау қалаларының балалары арасында (100000-ға 577,88 және 547,47,  $p=0,000$ ), бұл Ақтөбе және Орал қалаларындағы аурушандық деңгейінен 2 есеге жуық артық (100000-ға 254,11 және 352,18,  $p=0,000$ ), 33-суретте көрсетілген.



Сурет 33 - Көз аурулары және қан жүйесі аурулары жиілігі

Балалардың қан жүйесі ауруларының орташа мәндерін талдау Ақтау және

Атырау қалаларында басқа қалалармен салыстырғанда ең жоғары мәндер байқалғанын көрсетті (100000-ға 552,57 және 484,01,  $p \leq 0,001$ ). Ақтөбе және Орал қалаларында балалар арасында қан жүйесі ауруларының деңгейі 100000 тұрғынға шаққанда 252,53 және 230,49 құрады. Сонымен қатар, қалалар арасындағы айырмашылықтар статистикалық маңызды болды.



Сурет 34 - Жүйке жүйесі және эндокриндік аурулары жиілігі

Эндокриндік аурулармен аурушандықтың ең жоғары орташа мәні басқа қалалармен салыстырғанда Ақтау қаласында (100000-ға 121,28,  $p=0,000$ ) анықталды. Атырау қаласындағы аурушандық Ақтау қаласында аурушандық деңгейінен 1,3 есе төмен болды (100000-ға 90,11 және 92,15,  $p=0,000$ ). Ақтөбе қаласында тұратын балалардың аурушандығы ең төменгі деңгейге ие болды және Ақтау қаласының деңгейімен салыстырғанда 2,0 есе төмен болды (100000-ға 60,86,  $p=0,000$ ). Талдау нәтижелері 34-суретте көрсетілген.

Осылайша, жоғарыда келтірілген мәліметтер негізінде зерттелген қалаларда тұратын 11 жастағы балаларда аурушандық деңгейі бойынша бірінші орында тыныс алу жүйесі аурулары, екінші орында көз аурулары, үшінші орында ас қорыту жүйесі және қан жүйесі аурулары, содан кейін жүйке жүйесі аурулары және эндокриндік аурулар болды деп қорытынды жасауға болады. Зерттелген аурушандық класстарының ең жоғары орташа деңгейі негізінен Ақтау және Атырау қалаларында тұратын 11 жастағы балалар арасында байқалды.

### 13 жастағы балалардың аурушандық жиілігін салыстырмалы талдау

Кесте 11 - 2012-2021 жылдар аралығындағы аурушандық жиілігі (100000 тұрғынға шаққанда)

Аурушандық	Ақтау	Ақтөбе	Атырау	Орал
Қан жүйесі аурулары	573,13±69,8	269,93±24,9	513,98±48,2	310,08±23,1
Эндокриндік аурулар	143,44±34,6	73,19±25,8	174,73±46,3	120,37±47,2
Жүйке жүйесі аурулары	307,47±38,7	162,06±22,9	277,12±28,9	244,32±26,1
Көз аурулары	724,48±143,3	355,76±42,2	498,16±50,2	376,88±112,9
Тыныс алу жүйесі аурулары	1806,23±176,2	365,10±54,0	1080,53±376,7	835,31±161,9
Ас қорыту жүйесі аурулары	878,19±81,5	273,64±42,7	613,38±124,4	457,85±177,9


Ақтау қаласында 13 жастағы балалардың аурушандығына тыныс алу жүйесі аурулары бірінші орында (100000 тұрғынға 1806,23), ас қорыту жүйесі аурулары

екінші орында 100000 тұрғынға 878,19, көз аурулары үшінші орында (100000 тұрғынға 724,48), төртінші орында қан жүйесі аурулары (100000 тұрғынға 573,13), одан әрі жүйке жүйесі аурулары және эндокриндік аурулар (100000 тұрғынға 307,47 және 143,44).

Ақтөбе қаласының балалары арасында аурушандық бойынша бірінші орында тыныс алу жүйесі аурулары (100000-ға 365,1), екінші орында көз аурулары (100000-ға 355,76), үшінші орында ас қорыту жүйесі аурулары (100000-ға 273,64), одан әрі қан жүйесі аурулары (100000-ға 269,93), жүйке жүйесі аурулары (100000-ға 162,06) және эндокриндік аурулар (100000-ға 73,19).

Атырау қаласында 13 жастағы балалар арасында ас қорыту жүйесі ауруларының классы бойынша аурушандықтың жоғары деңгейі (100000 тұрғынға шаққанда 1080,53 және 613,38) байқалды, үшінші орында қан жүйесі аурулары (100000 тұрғынға шаққанда 513,98) және көз аурулары (100000 тұрғынға шаққанда 498,16), одан әрі жүйке жүйесі аурулары мен эндокриндік аурулар (100000 тұрғынға шаққанда 277,12 және 174,73) болды.

Орал қаласында тыныс алу жүйесі аурулары (100000-ға 853,31) және ас қорыту жүйесі аурулары (100000-ға 457,85) бойынша балалар аурушандығы жоғары деңгейі байқалды. Үшінші орында көз аурулары (100000-ға 376,88) және қан жүйесі аурулары (100000-ға 310,08), содан кейін жүйке жүйесі аурулары (100000-ға 244,32) және эндокриндік аурулар (100000-ға 120,37) болды. Тыныс алу жүйесі ауруларының ең жоғары деңгейі Ақтау қаласында тұратын балалар арасында байқалды (100000-ға 1806,23,  $p=0,000$ ), одан кейін Атырау қаласының балаларында 100000 тұрғынға 1080,53 құрады және Ақтау қаласына қарағанда 1,67 есе төмен болды ( $p=0,000$ ), аурушандықтың Орал қаласында 2,16 есе төмен болды Ақтау қаласына қарағанда төмен (100000 тұрғынға шаққанда 835,31,  $p=0,000$ ), ал Ақтөбе қаласында аурушандықтың ең төменгі деңгейі байқалды және Ақтау қаласына қарағанда 4,9 есе төмен болды (100000-ға 365,1,  $p=0,000$ , сурет 35).




Сурет 35 - Тыныс алу және ас қорыту жүйелері аурулары жиілігі

Ақтау қаласындағы балалардың ас қорыту жүйесі аурушандығы деңгейінің орташа мәні 100000-ға 878,19 құрады, бұл осы класстағы 13 жастағы балалар арасындағы аурушандықтың ең жоғары деңгейі болды (сурет 35). Атырау

қаласының балаларында аурушандықтың орташа деңгейі 100000-ға 613,38 құрады, яғни Ақтау қаласына қарағанда 1,43 есе төмен ( $p=0,000$ ). Содан кейін аурушандық деңгейі бойынша Орал қаласының балалары болды (100000-ға 457,85), бұл Ақтау қаласына қарағанда 1,92 есе және Атырау қаласына қарағанда 1,34 есе төмен. Ақтөбе қаласындағы балалар аурушандығының ең төменгі деңгейі болды 100000-ға 273,64 ( $p=0,000$ ).


Басқа қалалармен салыстырғанда көз ауруларының ең төменгі орташа мәні Ақтөбе қаласында (100000-ға 355,76,  $p<0,001$ ) және Орал қаласында (100000-ға 376,88,  $p<0,001$ ) анықталды. Басқа қалаларда аурушандықтың жоғары деңгейі Атырау қаласының балаларында ол 100000-ға 498,16 ( $p<0,001$ ), Ақтау қаласында 100000-ға 724,48 ( $p<0,001$ ) құрады.



Сурет 36 - Көз аурулары және қан жүйесі аурулары жиілігі

Қан жүйесі ауруларының ең жоғары деңгейі Ақтау қаласының балалары арасында (100000-ға 573,13,  $p=0,001$ ) байқалды, содан кейін Атырау қаласы 100000 тұрғынға 513,98 ( $p=0,031$ ) құрады, Орал қаласы мен Ақтөбе қаласында ең төменгі деңгейі байқалды (100000-ға 310,08 және 269,93,  $p=0,001$ ).

Жүйке жүйесі ауруларының ең төменгі деңгейі Ақтөбе қаласының балалары арасында байқалды (100000-ға 162,06,  $p<0,001$ ). Қалған зерттелген қалаларда деңгей бірдей болды (100000-ға 245,32-307,47, сурет 37).



Сурет 37 - Жүйке жүйесі және эндокриндік аурулары жиілігі

13 жастағы балаларда эндокриндік жүйе аурушандығы деңгейінің орташа мәндерінің ең жоғары деңгейі Атырау қаласында тұратын балаларда байқалды (100000 - ға 174,73). Орал қаласының аурушандығы 100000-ға 120,37 құрады, бұл

Атырау қаласына қарағанда 1,5 есе төмен ( $p=0,019$ ), Ақтөбе қаласында 100000-ға 73,19, бұл Атырау қаласына қарағанда 2,4 есе төмен ( $p=0,000$ , сурет 20). Салыстырмалы талдау нәтижесінде, 13 жастағы балаларда аурушандық деңгейі бойынша бірінші орында тыныс алу жүйесі, екінші орында ас қорыту жүйесі, үшінші орында көз аурулары және қан жүйесі аурулары, жүйке жүйесі аурулары және эндокриндік аурулар болды деп қорытынды жасауға болады. Зерттелген аурушандық класстары орташа жоғары деңгейі негізінен Ақтау және Атырау қалаларында тұратын 13 жастағы балалар арасында байқалды.

**15 жастағы жасөспірімдердің аурушандық жиілігін салыстырмалы талдау**

Кесте 12 - 2012-2021 жылдар аралығындағы аурушандық жиілігі (100000 тұрғынға шаққанда)

Аурушандық	Ақтау	Ақтөбе	Атырау	Орал
Қан жүйесі аурулары	717,65±41,5	712,26±33,8	1052,54±161,4	636,67±44,2
Эндокриндік аурулар	208,24±80,3	157,42±15,8	314,37±33,3	222,74±34,9
Жүйке жүйесі аурулары	344,49±53,2	366,82±23,5	710,15±45,9	535,58±58,6
Көз аурулары	822,23±82,9	891,90±45,2	1252,27±372,7	927,46±62,7
Тыныс алу жүйесі аурулары	2380,17±261,1	1093,21±112,5	2219,14±98,6	1418,58±74,8
Ас қорыту жүйесі аурулары	752,22±64,7	424,81±18,2	681,77±72,9	451,58±37,5

Ақтау қаласында тұратын 15 жастағы жасөспірімдер арасында аурушандық бойынша бірінші орында тыныс алу жүйесі аурулары (100000 тұрғынға 2380,17), екінші орында-көз аурулары (100000 тұрғынға 822,23), үшінші орында-ас қорыту жүйесі аурулары (100000 тұрғынға 752,22), одан кейін қан жүйесі аурулары (100000 тұрғынға 717,65), жүйке жүйесі аурулары (100000 тұрғынға 344,49) және эндокриндік аурулар (100000 тұрғынға 208,24).

Ақтөбе қаласының жасөспірімдері арасында тыныс алу жүйесі ауруларының (100000 тұрғынға 1093,21) және көз ауруларының (100000 тұрғынға 891,9) классы бойынша аурушандықтың жоғары деңгейі байқалды. Үшінші орында қан жүйесі аурулары (100000 тұрғынға 712,26), одан әрі ас қорыту жүйесі аурулары (100000 тұрғынға 424,81), одан кейін жүйке жүйесі аурулары (100000 тұрғынға 366,82) және эндокриндік аурулар (100000 тұрғынға 157,42) болды.

Атырау қаласы жасөспірімдері аурушандығында тыныс алу жүйесі аурулары бірінші орында (100000 тұрғынға 2219,14), көз аурулары екінші орында-100000 тұрғынға 1252,27, қан жүйесі аурулары үшінші орында (100000 тұрғынға 1052,54), жүйке жүйесі аурулары төртінші орында (100000 тұрғынға 710,15), ас қорыту жүйесі аурулары одан кейін эндокриндік аурулар (100000 тұрғынға 681,77 және 314,37).


Орал қаласында 15 жастағы жасөспірімдердің тыныс алу жүйесі және көз аурулары (100000 тұрғынға 1418,58 және 927,46) класстары бойынша аурушандықтың жоғары деңгейі байқалды, үшінші орында қан жүйесі аурулары (100000 тұрғынға 636,67), одан кейін жүйке жүйесі аурулары (100000 тұрғынға



535,58), ас қорыту жүйесі аурулары мен эндокриндік аурулар (100000 тұрғынға 451,58 және 222,74) болды).

38-суретте зерттелген қалалардың 15 жастағы жасөспірімдері арасында тыныс алу жүйесі аурушандық деңгейінің орташа мәні көрсетілген. Аурушандықтың ең жоғары деңгейі Ақтау қаласында (100000 тұрғынға шаққанда 2380,17,  $p=0,000$ ) және Атырау қаласында тұратын жасөспірімдерде басқа қалалармен салыстырғанда 100000 тұрғынға шаққанда 2219,14 ( $p=0,000$ ) байқалды.

Орал қаласында аурушандық деңгейі 100000-ға 1418,58 құрады және Ақтау мен Атырауға қарағанда 1,6 есе аз болды ( $p=0,000$ ), бірақ Ақтөбе қаласына қарағанда 1,3 есе көп болды (100000 ға 1093,21,  $p=0,000$ ).




Сурет 38 - Тыныс алу жүйесі және көз аурулары жиілігі

Атырау қаласының жасөспірімдері арасында көз ауруларымен аурушандықтың ең жоғары мәні анықталды (100000-ға 1252,27). Алынған нәтижелер 38-суретте көрсетілген.

Басқа қалаларда аурушандық деңгейі Атырау қаласының деңгейімен салыстырғанда неғұрлым төмен мәндерге ие болды, мысалы, Ақтауда деңгей 1,5 есе төмен болды (100000-ға 822,23,  $p=0,000$ ), Ақтөбе қаласында 1,4 есе төмен болды (100000 тұрғынға 891,9,  $p=0,001$ ), Орал қаласында да 1,35 есе төмен (927,46 100000 тұрғынға шаққанда,  $p=0,004$ ).


15 жастағы жасөспірімдерде қан жүйесі ауруларының орташа мәндерін талдау Атырау қаласында басқа қалалармен салыстырғанда (100000 тұрғынға шаққанда 1052,54,  $p=0,000$ ) аурушандық деңгейінің ең жоғары мәні байқалғанын көрсетті. Ақтау және Ақтөбе қалаларында жасөспірімдерде қан жүйесі ауруларының деңгейі 100000 тұрғынға шаққанда 717,65 және 712,26 құрады (сурет 39), ал Орал қаласында 100000 тұрғынға шаққанда 636,67 ең төменгі мәнге ие болды.



Сурет 39 - Қан жүйесі және ас қорыту жүйесі ауруларының жиілігі

Ақтөбе қаласы мен Орал қаласы жасөспірімдерінің ас қорыту жүйесі аурушандығы деңгейінің орташа мәні 2012-2021 жылдар бойынша 100000 тұрғынға 424,81 және 451,58 құрады және Ақтау қаласы жасөспірімдерінің аурушандық деңгейімен салыстырғанда 1,7 есе төмен болды, бұл класста ең жоғары мәні 100000-ға 752,22 ( $p=0,000$ ) болды. Атырау қаласының жасөспірімдерінде 100000 тұрғынға шаққанда 681,77 аурушандық деңгейін құрады, нәтижелері 39-суретте көрсетілген.

15 жастағы жасөспірімдер арасында жүйке жүйесі ауруларының орташа деңгейі көрсетілген. 2012-2021 жылдар кезеңінде жасөспірімдер аурушандығының ең жоғары деңгейі Атырау қаласында (100000 тұрғынға 710,15,  $p=0,000$ ), одан кейін Орал қаласында (100000 тұрғынға 551,34) байқалды, ол Ақтау қаласының жасөспірімдеріне қарағанда 1,3 есе төмен болды ( $p=0,000$ ). Ақтөбе қаласы мен Ақтау қаласы жасөспірімдерінің жүйке жүйесі аурушандығының деңгейі Атырау қаласы жасөспірімдеріне қарағанда 2 есе және Орал қаласы жасөспірімдеріне қарағанда 1,5 есе төмен болды (100000 тұрғынға 344,49 және 366,82,  $p=0,000$ ).



Сурет 40 - Жүйке жүйесі және эндокриндік аурулары жиілігі

15 жастағы жасөспірімдердің эндокриндік аурулары орташа мәні іс жүзінде бірдей деңгейде болды (сурет 40), бұл ретте Атырау қаласында тұратын жасөспірімдерде ең жоғары деңгей байқалды (100000 тұрғынға 314,37), Ақтөбе қаласының жасөспірімдерінде ең төменгі деңгей байқалды (100000 тұрғынға 157,42), бұл Атырау қаласының (100000 тұрғынға 157,42) жасөспірімдер деңгейінен 2,0 есе аз болды.  $p=0,000$ ). Орал қаласы мен Ақтау қаласында аурушандық деңгейі 100000 тұрғынға шаққанда 222,74 және 208,24 құрады және

Атырау қаласының жасөспірімдеріне қарағанда 1,5 есе төмен болды ( $p=0,000$ ), бірақ Ақтөбе қаласының жасөспірімдеріне қарағанда 1,4 есе жоғары болды ( $p=0,000$ ).

Зерттелген қалаларда тұратын 15 жастағы жасөспірімдерде 2012-2021 жылдар аралығында аурушандықты салыстырмалы талдау барысында аурушандық деңгейі бойынша бірінші орында тыныс алу жүйесі аурулары, екінші орында көз аурулары, үшінші орында қан жүйесі аурулары, одан әрі ас қорыту жүйесі аурулары, жүйке жүйесі аурулары және эндокриндік аурулар екені анықталды. Талдау нәтижесінде зерттелген класстар арасында аурушандықтың жоғары деңгейі негізінен Атырау қаласында тұратын жасөспірімдерде байқалды.

3.2.3 Балалар мен жасөспірімдердің аурушандығын жынысы бойынша салыстырмалы талдау


**Ақтау қаласында тұратын балалар мен жасөспірімдердің жынысы бойынша аурушандық жиілігін салыстырмалы талдау**

Батыс Қазақстанның Ақтау, Ақтөбе, Атырау және Орал қалаларында тұратын балалар аурушандығының ХАЖ-10 бойынша 6 классы бойынша (қан жүйесі аурулары, эндокриндік аурулар, жүйке жүйесі аурулары, көз аурулары, тыныс алу жүйесі және ас қорыту жүйесі ауруларына талдау жасалды. 2012-2021 жылдар аралығындағы Ақтау қаласындағы 11 жастағы балалар арасындағы зерттелген аурушандықтың орташа мәні 13-кестеде берілген.

